

БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы үшінші мерзімді баяндаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 617 қаулысы.

Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 29 маусымда ратификациялаған БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясы 19-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы үшінші мерзімді баяндама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы үшінші мерзімді баяндаманы Біріккен Ұлттар Ұйымының Азаптауларға қарсы комитетіне жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 18 маусымдағы

№ 617 қаулысымен

бекітілген

Біріккен Ұлттар Ұйымы

Азаптауларға қарсы комитет

БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы үшінші мерзімді баяндама

Мазмұны

I. Кіріспе

II. 1-бөлім: Жалпы мәліметтер

III. 2-бөлім: Конвенцияның 1-бөлігінің баптары бойынша ақпарат

1, 4, 5-баптар

2-бап

6-бап

7-бап

8, 9-баптар

10-бап

11-бап

12-бап

13-бап

14-бап

15-бап

IV. 3-бөлім: БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясына Факультативтік хаттаманың IV бөлігі бойынша ақпарат.

V. 4-бөлім: Нақты істер және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу бойынша ақпарат.

VI. 5-бөлім: БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетінің екінші мерзімді баяндамасының нәтижелері бойынша айтылған ұсынымдарын Қазақстан Республикасының орындауы туралы ақпарат.

I. Кіріспе

Осы баяндама Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының Азаптауларға қарсы комитетіне үшінші мерзімді баяндамасы болып табылады және Қазақстан Республикасы үшін 1998 жылғы 25 қыркүйекте күшіне енген, 1984 жылы 10 желтоқсанда қабылданған Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның 19-бабының 1-тармағына сәйкес ұсынылды.

1. Баяндама адам құқықтары жөніндегі халықаралық-құқықтық актілер бойынша ұлттық баяндамаларды дайындау процесі бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының жалпы ұсынымдарына, сондай-ақ БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетінің қорытындылары мен ұсынымдарына сәйкес жасалды.

2. Осы баяндама 2008 – 2012 жылдардағы кезеңді қамтиды.

3. Баяндаманы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасымен ынтымақтаса отырып жасады.

II. 1-бөлім: Жалпы мәліметтер

Өткен төрт жылда Қазақстан азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы күрес мәселелері бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіру саласында бірқатар маңызды реформалар жүргізді, сол арқылы өзінің республикада демократия қағидаттарын сақтауда және адам құқықтарын қамтамасыз етуде, жалпы адамгершілік принциптерін шынайы ұстанатынын растады.

Азаптаулардың жолын кесу және болдырмау және тергеу жүргізудің тыйым салынған әдістерін қолдану мәселелері мемлекет тарапынан қатаң бақылау мәні болып табылады.

Құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарда ішкі қауіпсіздік мәселелері жөніндегі құрылымдық бөліністер жұмыс істейді, олардың міндеті қызметкерлердің тарапынан құқық бұзушылықтардың, сондай-ақ азаптау фактілерінің алдын алу, анықтау және жолын кесу болып табылады.

Қазақстан өзінің қарамағындағы барлық ресурстары мен мүмкіндіктерін пайдалана отырып, кез келген адам құқықтарын бұзушылықтарға, әсіресе адамдарды азаптауларға қарсы табанды ымырасыз күрес жүргізуде.

2006 жылғы Барлық адамдарды зорлық-зомбылық жоғалулардан қорғауға арналған халықаралық конвенция, БҰҰ 2000 жылғы Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адам, әсіресе әйелдер мен балалар саудасының алдын алу және жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттама, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Факультативтік хаттама ратификацияланды.

Түрме жүйесі азаматтық қоғам институттары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары үшін айтарлықтай ашық болды.

2008 жылдан бастап 2012 жылға дейінгі кезеңде ұлттық заңнаманы жетілдіру мәселелерінде бірізділік таныта отырып, Қазақстан Республикасы қабылдаған және Конвенцияның нормаларын одан әрі орындауға бағытталған бірқатар маңызды ережелерді бекіткен нормативтік құқықтық актілердің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

1. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жазалауды орындау жүйесін және қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы, ол қатаң оқшаулауды қамтамасыз

ете отырып, оқшауланған учаскелер құру арқылы әртүрлі режимдегі сотталғандар құлыпталатын үй-жайларда (камераларда) бір түзеу колониясы шегінде ұстау мүмкіндігін көздейді. Осылайша мекеменің туған-туыстары тұратын жерлерден алыстығы мәселесі шешілетін болады, олармен ұдайы қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туады.

Сонымен бірге Заңда сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық-құқықтық ықпал етудің тиімділігін арттыру, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтік оңалту, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі персоналының құқықтық және әлеуметтік қорғалуын жақсарту үшін жағдайлар жасау жөніндегі шаралар көзделеді.

2. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы.

3. "Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің конституциялылығын тексеру туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 27 ақпандағы № 2 нормативтік қаулысы.

Бұл қаулымен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабының бірінші бөлігінің саралау белгілерін анықтайтын ("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 наурыздағы Заңының редакциясында) бірінші және төртінші бөліктері конституциялық емес деп танылды.

Конституциялық Кеңес ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдерде кең мағынада танылған, адамның өз пікірін білдіру нысанындағы сөздерді, "егер оның пікірін білдіруге елеулі түрде бағытталған болса" (наразылық мінез-құлықты қоса отырып) қарауды растады.

Конституциялық Кеңес "дене мүшелерін зақымдау пікір (қарсылық) білдірудің нысаны болып табылуы және бас бостандығынан айырылған адамдардың өз құқықтарын қорғау тәсілі ретінде қарастырылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда дене мүшелерін зақымдағаны үшін жауаптылыққа тартуды Негізгі заңның 20-бабымен кепілдік берілген сөз еркіндігінің құрамдас бөлігі болып табылатын, пікірін еркін білдіру құқығын шектеу деп бағалаған жөн" деген шешімге келді.

4. "Конституциялық мерзімдерді есептеу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын ресми түсіндіру туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысы.

5. "Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа,

басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы.

Бұл нормативтік қаулыда азаптауларды қолданғаны және лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершіліктің құқықтық негіздерінің ара-жігі нақты ажыратылған. Алғаш қамауда ұстаудың үш сағаттық максималды шегін сақтау мақсатында қаулыда адам нақты ұсталған уақыттан бастап 3 сағаттан кешіктірілмей, оның іс жүргізу бойынша ұсталғаны туралы мәселені шешу үшін тергеушіге немесе анықтаушыға берілуі тиіс екені көзделген. Нақты ұсталған уақыты міндетті түрде минутына дейін дәл көрсетіле отырып, ұстау хаттамасында көрсетілуі тиіс.

Сондай-ақ Жоғарғы Сот қаулының 15-тармағында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің (бұдан әрі – ҚК) "Азаптаулар" деген 141-1-бабында көрсетілген өзге де лауазымды тұлғалардың қатарына қылмыстық қудалау органдарының лауазымды тұлғаларын ғана емес, сонымен қатар ҚК 307-бабына берілген ескертудің 3-тармағында аталған басқа да органдар мен ұйымдардың (өзге де мемлекеттік органдар, жергілікті басқару органдары, Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар) лауазымды тұлғаларын да жатқызуға болатынын түсіндіреді.

Сонымен қатар қаулыда азаптауларды қолдану туралы шағымдарды қарау және тексеру, азаптауларды аралас құрамдардан шектеу, азаптаулармен келтірілген зиянды өтеу мәселелері айтылады.

6. "Қылмыстық процеске тартылған және арнайы мекемелерде ұсталатын адамдармен қатыгез қарым-қатынаспен және олардың алдын алумен байланысты азаптаулар және өзге де заңсыз әдістер туралы арыздарды тексеру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2010 жылғы 1 ақпандағы № 7 бұйрығы, ол қылмыстық процесс саласына тартылған адамдармен қатыгез қарым-қатынас жасаумен байланысты азаптаулар және анықтау мен тергеудің өзге де заңсыз әдістері туралы арыздарды тексеруге және қылмыстық істерді тергеуге прокурордың тікелей қатысуын қамтамасыз етеді.

7. "Жазаны орындауда, арнайы мекемелерде адамдардың ұсталуында және бас бостандығынан айыру орындарынан босағандарды бақылауда заңдылықтың сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2012 жылғы 13 тамыздағы № 93 бұйрығы.

8. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен (2010 жылғы 1 ақпан) келісілген "Уақытша ұстау изоляторларындағы, тергеу изоляторларындағы және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі адамдарда дене жарақаттарының бар-жоғына медициналық куәландыру жүргізуге сот медицинасы саласындағы

мамандардың міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің (2010 жылғы 1 ақпандағы № 30), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің (2010 жылғы 29 қаңтардағы № 56), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің (2010 жылғы 1 ақпандағы № 41), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының (2010 жылғы 30 қаңтардағы № 15) бірлескен бұйрығы, онда уақытша ұстау изоляторларындағы, тергеу изоляторларындағы, сондай-ақ дене жарақаттарын келтіргені туралы шағыммен өтініш жасаған адамдарға уақтылы және сапалы куәландыру өткізу көзделген.

9. Азаптаулар және анықтау мен тергеудің өзге де тыйым салынған әдістері туралы шағымдарды азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен тиімді және объективті тексеруді көздейтін "Азаптаулар және анықтау мен тергеу жүргізудің өзге де тыйым салынған әдістері, сондай-ақ аталған фактілер бойынша қылмыстық қудалау туралы шағымдарды тексеруді жүзеге асыру кезінде құқық қорғау органдары мен азаматтық қоғам субъектілерінің өзара іс-қимыл жасасуы туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің (2010 жылғы 2 ақпандағы № 31), Қазақстан Республикасы Бас прокурорының (2010 жылғы 3 ақпандағы № 10), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің (2010 жылғы 2 ақпандағы № 46), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының (2010 жылғы 2 ақпандағы № 16), Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі төрағасының (2010 жылғы 2 ақпандағы № 13) бірлескен бұйрығы.

10. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 бұйрығы, онда:

- Жазаны орындау мекемелеріне, тергеу изоляторларына келу қағидасы;
- Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелерінде ерекше жағдайлар режимін енгізу қағидасы;
- Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталғандарды қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті және тексеру өндірісін ұйымдастыру қағидасы;
- Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидасы бекітілді.

11. "Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 184 бұйрығы.

12. "Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың орнын ауыстыру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 185 бұйрығы.

III. 2-бөлім: Конвенцияның 1-бөлімінің баптары бойынша ақпарат

1, 4, 5-баптар бойынша

Қазақстанның қылмыстық заңнамасында Конвенцияда белгіленген түрдегі азаптаулар үшін жауапкершілік 2002 жылы тиісті қатаң жазалаумен енгізілген және азаптауларды қолдануда қамтылатын қылмыс ұғымы мен белгілерін неғұрлым толық көлемде қамтиды (ҚК-нің 347-1-бабы, өзгерістерге дейін).

Қарастырылып отырған құрамның диспозициясында осы қылмысты жасаудың кең таралған мақсаттары көрсетілген.

Құқық қорғау және сот органдарының құқық қолдану қызметінде осындай санаттағы қылмыстық істерді тергеу және қарау бойынша едәуір практика бар.

Осылайша, 2010 жылғы 20 наурызда Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің ЛА-155/8 мекемесінде сотталған Ж.Ж. Сағатовты ұру фактісі тіркелді. Осы факті бойынша ҚК-нің 347-1-бабы 3-бөлігінің "б" тармағы және 308-бабы 4-тармағының "б" тармағы бойынша мекеме бастығының орынбасарлары К.Б. Сыздықовқа және Ж.С. Әбдімұратовқа, режим және қадағалау бөлімінің бастығы К.Ж. Үркімбаевқа, режим және қадағалау бөлімі бастығының орынбасары У.К. Ахметовке және жедел уәкіл С.Ж. Құрмановқа қатысты қылмыстық істер қозғалды.

Соттың 2011 жылғы 18 наурыздағы үкімімен әрқайсысы арнаулы атақтарынан айырыла отырып, К. Сыздықов 6 жыл 8 айға, Ж.С. Әбдімұратов 5 жылға, К.Ж. Үркімбаев 6 жыл 7 айға, У.К. Ахметов 6 жыл 7 айға, С.Ж. Құрманов 6 жыл 7 айға бас бостандықтарынан айыруға сотталды.

Адамның құқықтары мен бостандықтарының бастапқылығы мен ажырамастығын заңмен қорғалатын жоғары әлеуметтік құндылықтар ретінде тани отырып, азаптауларды жасау азаматтардың конституциялық құқықтарына қол сұғушылық болып табылатынын назарға ала отырып және БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетінің ұсынымдарын іске асыру үшін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңымен Қылмыстық кодексте "Азаптаулар" деген қылмыс құрамының бастапқы қол сұғушылық объектісі өзгертілді және ол "Сот төрелігіне қарсы қылмыстар және жазаларды орындау тәртібі" деген тараудан "Адам мен азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар" деген тарауға ауыстырылды (ҚК-нің 141-1-бабы).

Сонымен қатар осы қылмысты жасау тәсілі заңнамалық деңгейде кеңейтілді. "Азаптаулар" құрамының диспозициясы "олардың айдап салуымен немесе басқа адамның үнсіз келісімімен не болмаса олардың білуімен" жасалған, қаралып жатқан іс-әрекетті жасағаны үшін тергеушінің, анықтаушының немесе өзге де лауазымды адамның жауапкершілігін көздейді.

Адамның құқықтарын және негізгі бостандықтарын тану, сыйлау, сақтау және қорғау – Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланған негізгі ережелер. Бұл құқықтарды бұзу, оның ішінде азаптауларды қолдана отырып бұзу Негізгі заңның нормаларын өрескел және сорақылықпен елемей фактісі болып танылады.

Осыған байланысты адам мен азаматтың конституциялық құқықтарына қол сұғатын "Азаптаулар" құрамы жазаның әртүрлі түрлерін, оның ішінде 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі түрлерін көздейді.

Сонымен қатар ҚК-тің Жалпы бөліміне сәйкес қарастырылып жатқан іс-әрекет үшін жауапкершілік осы қылмыс дайындалып жатқан немесе оған оқталған жағдайда да басталады.

ҚК-тің 6-бабында Қазақстан Республикасының аумағында, құрлықтық шельфінде және Қазақстанның ерекше экономикалық аймағында, Республиканың портына тіркелген және елдің шегінен тыс ашық су немесе әуе кеңістігінде жүрген кемеді, сондай-ақ олардың жүрген жерлеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының әскери кораблінде немесе әскери әуе кемесінде қылмыс жасаған адамдар жауапкершілікке тартылатыны көзделген.

Соңғы төрт жылда азаптауларды қолдану фактілерімен байланысты қылмыстық істерді тергеу бойынша құқық қорғау органдарының жұмысы айтарлықтай жандандырылды.

Егер 2009 жылы 3 қылмыстық іс қозғалса, 2010 жылы 13, 2011 жылы 15, 2012 жылы 18 іс қозғалған.

Жоғарыда көрсетілген істердің жалпы санынан ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қатысты 36 іс қозғалған, қалғандары қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне қатысты қозғалған.

ҚК-тің 141-1-бабының екінші және үшінші бөліктері ауыр қылмыстар санатына жататынын ескере отырып, талдау бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазалау тағайындау практикасының жоғары көрсеткішін атап көрсетті:

- нақты бас бостандығынан айыру түріндегі жаза 27 адамға немесе істердің осы санаты бойынша сотталғандардың жалпы санынан 82 % тағайындалды;

- нақты бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалар (шартты түрде соттау, бас бостандығын шектеу) 6 адамға немесе 18 % тағайындалды.

2-бап бойынша

Қазақстан Республикасы Конституциясының заңда көзделген жағдайларда ғана тұтқындауға және қамауға алуға болатынын белгілейтін ережесі адамның бостандығын қамтамасыз етудің негізін қалайтын кепіл болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысында маңызды құқықтық ұстаным тұжырымдалған, конституциялық-құқықтық мағынада "ұстау" деп құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз

ету, сондай-ақ мәжбүрлеу сипатындағы өзге де шараларды қолдану мақсатында адамның жеке бас бостандығын жетпіс екі сағаттан аспайтын қысқа уақытқа шектеуден тұратын және уәкілетті мемлекеттік органдар, лауазымды және өзге де тұлғалар заңда көзделген негізгі және тәртіппен іске асыратын мәжбүрлеу шарасын түсінген жөн.

"Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады" деген конституциялық ереже, осы көрсетілген уақыттан кешіктірмей, ұсталған адамға қатысты тұтқындау және қамауда ұстау, сондай-ақ заңмен көзделген өзге де шараларды қолдану туралы соттың шешімі қабылдануы немесе ұсталған адамның босатылуы тиіс дегенді білдіреді.

Бұл орайда Конституциялық Кеңес тиісті шешім қабылдау үшін заң шығарушы одан да аз (жетпіс екі сағат шегінде) мерзімді белгілеуі мүмкін деп атап өтеді.

Азаматтарды ұстаған жағдайда ұстау мерзімінің басталуы олардың емін-еркін жүріп-тұру бостандығын шектеу сәті, яғни белгілі бір жерлерде мәжбүрлеп ұстау, ішкі істер органдарына жеткізу, адам мен азаматтың жеке бостандығын шектейтін оқшаулап ұстау болып табылады. Ұстау хаттамасын толтыру кезінде хаттамада минутына дейін дәлдікпен нақты ұстау уақыты міндетті түрде тіркелуі тиіс.

Сондай-ақ азаматтар ұстауды немесе қамауға алуды кім жүзеге асырғанын білуге құқылы. Сонымен қатар азамат оны ұстау немесе қамауға алу себебі туралы ақпарат алуға, адвокатқа, өзінің тұрған жері туралы туған-туыстары мен таныстарына хабарлау үшін бір телефон қоңырауын соғуға және сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасауға құқылы.

Осылайша, Конституциялық Кеңес адамды ұстаудың нақты уақытша шектерін айқындады, бұл ретте сот санкциясы қажет емес.

Қылмыс жасауда күдікті немесе айыпталушы адамдарды қамауда ұстау ұзақтығының жалпы мерзімдері, қамауда ұстау тәртібі мен шарттары, олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігі, сондай-ақ қамауда ұстау орындарындағы қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері Қылмыстық іс жүргізу кодексінде, "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңында, "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 бұйрығымен бекітілген Тергеу изоляторларының ішкі тәртіп қағидасында, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерде реттелген.

Бұл ретте "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5-баптарына сәйкес арнаулы мекемелерде ұстау заңдылық, кінәсіздік презумпциясы, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, ізгілік, жеке бастың ар-намысы мен абыройын құрметтеу қағидаттарына, халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және қылмыс жасаған деп арнаулы

мекемелерде ұсталушы күдіктілер мен айыпталушыларды тәни немесе рухани азапқа тарту мақсатындағы іс-әрекеттермен ұштаспауға тиіс.

Адамдарды арнаулы мекемелерге орналастыру негіздері:

1) бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған, қылмыстың жасалуына күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторына орналастыру судьяның қаулысы бойынша жүзеге асырылады;

2) қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталғандарды уақытша ұстау изоляторына орналастыру тергеуші не анықтаушы толтырған ұстау хаттамасы бойынша жүзеге асырылады. Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған күдіктілерді, айыпталушыларды, сотталушыларды уақытша ұстау изоляторына орналастыру алыс болуына немесе тиісті жол қатынасының болмауына байланысты тергеу изоляторына жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда, судьяның қаулысы бойынша жүзеге асырылады;

3) әкімшілік қамауға алынған адамдарды арнаулы қабылдау орындарына орналастыру судьяның оларды қамауға алу туралы қаулысының негізінде жүзеге асырылады;

4) белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды қабылдау-тарату орнына орналастыру ішкі істер органдарының сот санкциялаған қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес арнаулы мекемелерде ұсталушы адамдар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген шектеулермен, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады. Арнаулы мекемелерде ұсталушы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Конституцияда, заңдарда және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 4-тармағына сәйкес қылмыстық істі жүргізіп жатқан адам немесе орган Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес он екі сағат ішінде күдіктінің немесе айыпталушының туыстарының біріне оның қамауда ұсталу орны немесе қамауда ұстау орнының өзгергені туралы хабарлауға міндетті.

Тергеу изоляторларының ішкі тәртіп қағидасында күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау тәртібі, оның ішінде оларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету, сәлем-сауқатты, сәлемдемелерді қабылдау және беру, жеделхаттарды, хаттарды, ақшалай аударымдарды беру, алу және жөнелту, ұсыныстарды, арыздар мен шағымдарды жіберу, діни рәсімдерді өткізу, медициналық-санитариялық қамтамасыз

ету, күнделікті кездесу, серуендеу өткізу, күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың тергеу әрекеттері мен сот отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету, күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстау орны әкімшілігі басшысының және уәкілетті адамдардың жеке қабылдауында болу тәртібі белгіленеді.

Қылмыстық-атқару жүйесінің жұмыс істеу дербестігінің сақталуын Конвенцияның қағидаттары мен ережелеріне шынайы берілгендік белгісі ретінде қарауға болады. Осылайша, аталған құрылымның Ішкі істер министрлігінің қарамағына берілгеніне қарамастан, пенитенциарлық жүйе өзін республикалық деңгейде ІІМ-нің комитеті, ал жергілікті деңгейде облыстық департаменттер ретінде дербес басқару органы етіп сақтап қалды.

Пенитенциарлық жүйе жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2007 жылғы 6 тамыздағы № 673 қаулысымен қабылданған Қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2007 – 2009 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру 2009 жылы аяқталды.

Бағдарлама адамдарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстау жағдайларын, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жақсартуға, еңбекпен және т.б. қамтуға бағытталған, оны іске асыру үшін 3,1 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінді.

Бағдарлама шеңберінде 4 түзеу мекемесі мен 2 тергеу изоляторы қайта салынды, 48 мекемеде 134 объектіге жөндеу жүргізілді. Қамауға алынған адамдардың жұқпалы және басқа да сырқаттарын ерте анықтау мақсатында тек 2008 жылы мекемелердің медициналық бөлімдеріне 43,9 млн. теңгеге құрал-жабдық сатып алынды.

Медициналық қамтамасыз етуді жақсарту бойынша қабылданған шаралардың нәтижесінде соңғы төрт жылда арнайы контингенттің арасындағы кісі өлімі орташа есеппен 15-17 % төмендегені байқалады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту мақсатында Ішкі істер және Денсаулық сақтау министрліктері Мекемелерде туберкулез бен АИТВ-инфекцияларының алдын алу, диагностикалау және емдеу жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспарын және емделу курсы аяқталмай, мекемелерден босатылған белсенді туберкулезбен ауыратындарды диспансерлік есепке қою, емдеу және бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруда.

Мұндай жұмысты аумақтық қылмыстық-атқару жүйесі мен денсаулық сақтау органдары да ЖИТС-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі өңірлік орталықтармен бірлесе отырып жүргізуде.

Медициналық көмек көрсету сапасын арттыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1113 Жарлығымен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы бекітілді, оның шеңберінде 2011 жылдан бастап түзеу мекемелеріне медициналық жабдықтар (сандық рентген

және флюороаппараттар, ЭКГ аппараттары, УДЗ және т.б.) сатып алынууда, 31 рентген-флюороаппарат сатып алынды және тергеу қамауындағылар мен сотталғандардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған, оның ішінде туберкулез бен АИТВ/ЖИТС-ның алдын алу мәселелері бойынша 19 мыңға жуық көрнекі материал шығарылып, таратылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2012 жылғы 7 сәуірдегі № 430 қаулысымен Бас бостандығы шектеулі, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналастырылған азаматтарға медициналық көмек көрсету қағидасы бекітілді.

Түзеу мекемелерінде медициналық қамтамасыз ету және оны жақсарту мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесінің ұдайы қарау мәні болып табылады.

2012 жылы Үкімет Қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2012 – 2015 жылдарға арналған бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітті. Бағдарламада орта мерзімді перспективада:

- қылмыстық-атқару жүйесінің емдеу-профилактикалық мекемелерін медициналық жабдықпен және дәрілік құралдармен қамтамасыз етуге;

- туберкулезге қарсы мекемелерді салу мәселелерін пысықтауға, сондай-ақ қолда бар фтизиохирургиялық бөлімшелер базасында туберкулезбен ауыратындарды емдеуге арналған бөлімшелер құруға;

- мониторинг жүйесін құруға және түзеу мекемелеріндегі наркологиялық жағдайды бағалауға, сондай-ақ мекемелердің дәрігер-психиатрларын наркологиялық және ынталандыру кеңес беру қағидаттарына оқытуға және т.б. бағытталған қосымша шаралар кешенін қабылдау көзделген.

Қылмыстық-атқару жүйесінің медициналық қызметін Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағына кезең-кезеңмен берудің ұйымдастырушылық-құқықтық және қаржылық мәселелерін егжей-тегжей пысықтау мақсатында мүдделі мемлекеттік органдардың қатарынан Ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.

Жазаларды өтеудің тиісті жағдайларын қамтамасыз ету үшін жыл сайын орташа сомасы 60-70 млн. теңгеге коммуналдық-тұрмыстық жабдықтар (дезинфекциялайтын камералар, тоңазытқыштар, кір жуу машиналары және т.б.) сатып алынады.

Алдын ала тұтқындау және бас бостандығынан айыру орындарында тұтқындалғандармен қарым-қатынас жасаудың минималды стандарттарына жауап беретін ұстаудың қауіпсіз және лайықты жағдайларын қамтамасыз ету мәселесі шешілуде.

Бір сотталғанға 7 шаршы метрге жуық алаң көзделетін Еуропа одағы елдерінің тәжірибесін ұстана отырып, мемлекет түзеу мекемелері мен тергеу изоляторлары камераларының алаңын кеңейтуге бағытталған заңнамалық шараларды бірте-бірте қабылдауда.

Үкімет арнайы мекемелердің қажеттілігіне бюджеттік қаражат бөлуді жыл сайын айтарлықтай көбейтуде (2009-2010 жылдары – 195 млн. теңге, 2011 жылы – 900 млн. теңге, 2012 жылы – 722 млн. теңге).

Уақытша ұстау изоляторларын жертөле және жартылай жертөле үй-жайларынан кезең-кезеңмен шығару бойынша жұмыс жүргізілуде.

Өскемен қаласында 28 төсек-орынға арналған жаңа уақытша ұстау изоляторының құрылысы аяқталды. Талдықорған қаласындағы 35 төсек-орынға арналған изолятордың құрылысы аяқталуға жақын.

Қостанай қаласында 35 төсек-орынға арналған жаңа изолятордың құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірленді. Алматы, Қостанай және Павлодар қалаларында осындай изоляторлар салу жоспарланды, соңғы екеуінің құрылысы 2013 және 2014 жылдары басталады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің материалдық базасын оңтайландыру және нығайту мақсатында қазіргі уақытта:

- Орал және Қызылорда қалаларында жалпы және қатаң режимдердегі түзеу мекемелерін қайта салу;
- Ақмола, Атырау және Маңғыстау облыстарындағы түзеу мекемелерінде жекелеген тіршілікпен қамтамасыз ету объектілерін салу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;
- 10 түзеу мекемесінің инженерлік-техникалық күзет құралдарына күрделі жөндеу жүргізілуде.

Қарағанды облысының мекемелеріндегі асханаларды, Солтүстік Қазақстан облысының Новоукраинка кентіндегі туберкулезбен ауыратындарды емдеуге арналған медициналық бөлімді, Астана қаласындағы қатаң режимдегі түзеу мекемесінің жатақханасын, Жамбыл облысындағы мекеменің көкөніс сақтау орнын күрделі жөндеу аяқталды.

2012 жылы 19 түзеу мекемесінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге және инженерлік-техникалық күзет құралдарын күрделі жөндеуге, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің 40 объектісінің ғимараты мен құрылысын күрделі жөндеуге қаражат бөлінді.

Мемлекет қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санын азайту бойынша шаралар қабылдауда.

Сотталғандар мен тергеу қамауындағылар санының жыл сайын төмендеу үрдісі байқалады. Егер 2009 жылы олардың саны 63 мыңнан астам адамды құраса, 2013 жылдың 1 қаңтарында 48 684 сотталған мен тергеу қамауындағы ұсталған. Тікелей бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын арнайы контингенттің саны төрт жыл ішінде 13 мың сотталғанға қысқарған.

Бұған мемлекет жүргізіп жатқан қылмыстық заңнаманы ізгілендіру саясаты азды-көпті ықпал етті. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңымен реттелген ізгілендірудің бірінші кезеңін іске асыру үшін оларға айып тағылған іс-әрекеттер қылмыс деп танылмаған 1316 сотталған босатылды, 697 адамның жазалау мерзімдері қысқартылды, 378 адамға қатысты бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалар қолданылды.

2011 жылғы 28 желтоқсанда ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өтуге байланысты онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан босатуға бағытталған "Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің жиырма жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Рақымшылық актісін қолдану барысында тергеу изоляторларынан және түзеу мекемелерінен 3,3 мыңнан астам адам босатылды (оның ішінде 76 әйел, 16 мүгедек, зейнеткерлік жастағы 13 адам, 14 кәмелетке толмаған және сот тағайындаған жазасын өтеу мерзімінің кемінде төрттен бір бөлігін өтеген 2561 сотталған), 859 сотталғанның жазасын өтеу мерзімдері қысқартылды.

Сонымен бірге Мемлекет басшысының рақымшылық жасау туралы актілерімен 2008 жылдан бастап 2012 жылға дейін 38 сотталған босатылды.

Түзеу мекемелерінде сотталғандардың толып кетуін болдырмау мақсатында:

- 2010 жылы Атырау қаласында бірінші рет сотталған әйелдерді ұстауға арналған жалпы режимдегі жаңа түзеу мекемесі пайдалануға берілді;
- Ақмола және Павлодар облыстарындағы жекелеген түзеу мекемелері бұрын бас бостандығынан айыруға сотталмаған сотталғандар үшін жалпы режимдегі түзеу мекемелеріне қайта бейінделді;
- үш тәрбие колониясы оң сипатталатын сотталғандар үшін қоныс-колонияларына қайта бейінделді, ал әйелдер колонияларын жеңілдету және жазасын тұрғылықты жері бойынша өтеу үшін еліміздің орталық және солтүстік өңірлерінде Петропавл қаласындағы бір мекеме әйелдер колониясына қайта бейінделді.

Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қызметіне сотталғандарды бақылаудың жаңа нысандары енгізілуде.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңымен "электрондық браслеттер" деп аталатын, электрондық ізге түсу құралдарын пайдалану арқылы бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларға сотталғандардың жүріс-тұрысын бақылау институты енгізілді.

2012 жылғы 15 ақпанда қабылданған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңы шартты түрде сотталған адамдардың қылмыстарды қайта жасауының алдын алуға және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған құқықтық институт ретінде пробация қызметін қалыптастыруға және жұмысын ұйымдастыруға арналған.

Көрсетілген Заңды іске асыру мақсатында сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірленді және қабылданды.

Сонымен, Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 542 қаулысымен Шартты түрде сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидалары бекітілді.

"Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 14 наурыздағы № 141 бұйрығымен сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындау жөніндегі қағидалар бекітілді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 19 наурыздағы № 157 бұйрығымен қылмыстық-атқару инспекциялары пробация қызметтерінің жұмысын ұйымдастыру қағидасы бекітілді.

Қылмыстық-атқару инспекцияларының құрылымында пробация қызметтері құрылды. Қылмыстық-атқару инспекцияларының штаттық саны 1183 бірлікке, оның ішінде 2010 жылы 591 бірлікке, 2011 жылы 592 бірлікке көбейтілді. Аталған көбейту пробация қызметтерін нығайтумен байланысты болды.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңымен мынадай өзгерістер енгізілді:

1) сотталғандардың сотқа тікелей өтініш жасауы арқылы сотталғандарды жазасын одан әрі өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату тетігі жеңілдетілді;

2) бір жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталған адамдар жазасын қоныс-колонияларда өтейді. Нәтижесінде көрсетілген адамдар жазасын бас бостандығынан айыру орындарында ұзақ уақыт отырған сотталғандармен бірге өтемейді және олардың теріс ықпалына ұшырамайды;

3) кәмелетке толмаған сотталғандарға ұзақ және қысқа мерзімді кездесулердің, сондай-ақ сәлем-сауқат, бандерольдер алу саны көбейтілді.

6-бап бойынша

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдар күдікті немесе айыпталушы шетелдікті қамауда ұстау орны немесе орнын өзгерту туралы хабарламаны 12 сағат

ішінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Сыртқы істер және Ішкі істер министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, сондай-ақ ол азаматы болып табылатын мемлекеттің елшілігіне, консулдығына немесе өзге де өкілдігіне жібереді.

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабында күдіктілер мен айыпталушыларға ұсталған сәтінен бастап қорғаушысымен жеке және құпия кездесу құқығы берілген. Кездесу саны мен ұзақтығы шектелмейді. Шетел мемлекеттері дипломатиялық өкілдіктерінің ресми өкілдері Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының шешімі бойынша олардың мемлекетінің мүддесін білдіретін күдікті немесе айыпталушы шетелдікке барып шығуға құқылы.

Қылмыстық-атқару кодексінің 10-бабына сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктердің өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдерімен және консулдық мекемелерімен, ал Қазақстан Республикасында дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдер азаматтарының – олардың мүдделерін қорғауды өз мойнына алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен немесе оларды қорғаумен айналысатын халықаралық ұйымдармен байланыс жасауға құқығы бар.

7-бап бойынша

2008 – 2012 жылдары азаптаулар жасауда айыпталушы адамдар Қазақстан Республикасының аумағында экстрадициялық тәртіппен ұсталған жоқ, мұндай адамдарды беру шетел мемлекеттерінен талап етілген жоқ және басқа мемлекеттердің қолдау хаттары бойынша қылмыстық қудалау жүзеге асырылған жоқ.

8, 9-баптар бойынша

Қылмыстық және азаматтық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету саласында 2008 – 2012 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық шарттарға мыналар жатады:

1. 2009 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктерінің арасындағы Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісім;

2. 2010 жылғы 5 шілдедегі Кеден одағына мүше мемлекеттер кеден органдарының қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқықтық көмегі және өзара іс-қимылы туралы келісім;

3. 2011 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Индия Республикасының арасындағы азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарт;

4. 2011 жылғы 17 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігінің арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы конвенция;

5. 2011 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасының арасындағы азаматтық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісім;

6. 2012 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасының арасындағы ұстап беру туралы шарт;

7. 2012 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігінің арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шарт.

10-бап бойынша

Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстерімен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдармен қарым-қатынас жасау тәртібі реттелген.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 бұйрығымен бекітілген Тергеу изоляторларының ішкі тәртіп қағидасы, сондай-ақ Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп қағидасы сотталғандар мен тергеу изоляторында ұсталатын адамдардың аталған мекемелердің персоналы тарапынан сыпайы, адамгершілік ар-намысты қорламайтын қарым-қатынасқа құқығын реттейді.

Қазіргі уақытта қылмыстық-атқару жүйесі құрылымында адам құқықтарын қорғау және сотталғандармен қарым-қатынас жасау саласындағы халықаралық стандарттар аясындағы курстарды іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің оқу орталығы бар.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарында адам құқықтарын қорғау және сотталғандармен қарым-қатынас жасау саласындағы халықаралық стандарттар бойынша арнайы оқыту курстары ұйымдастырылған.

Сонымен қатар қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің заң кеңесшілері бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдар үшін де, қылмыстық-атқару жүйесінің жеке құрамы үшін де дәрістер, семинарлар, тренингтер түрінде құқық түсіндіру сипатындағы іс-шараларды ұдайы негізде ұйымдастырады. Жыл сайын құқықтық сипатта 15 мыңнан астам дәріс пен сабақ, сондай-ақ заң кеңестері өткізіледі.

11-бап бойынша

Қамауға алудың, ұстаудың немесе түрмеге қамаудың кез келген нысанына тартылған адамдарды қамауда ұстау және олармен қарым-қатынас жасау жағдайларына қатысты қағидаларды, нұсқаулықтарды, әдістер мен практиканы жүйелі қарауды көздейтін Конвенцияның 11-бабын іске асыру мақсатында мынадай актілер қабылданды:

1. "Бас бостандығы шектеулі, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнаулы мекемелерге орналастырылған азаматтарға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2012 жылғы 7 сәуірдегі № 430 қаулысы;

2. "Сот-психиатриялық сараптаманы өндіру нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 164 бұйрығы;

3. "Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 368 бұйрығы;

4. "Ішкі істер органдары арнайы қабылдау орындарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 232 бұйрығы;

5. "Ішкі істер органдары қабылдау-тарату орындарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 233 бұйрығы;

6. "Ішкі істер органдары қабылдау-тарату орындарының ішкі тәртіп ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 10 бұйрығы;

7. "Ішкі істер органдары арнайы қабылдау орындарының ішкі тәртіп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 11 бұйрығы.

12-бап бойынша

Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қылмыстық қудалау органдарының ғимараттарында тергеу мен анықтауды жүзеге асыру барысында жол берілуі мүмкін екенін практика көрсетіп отыр.

Осыған байланысты, қылмыстық-құқықтық салада азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзуға қарсы іс-қимыл жасаудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Бас прокуратура негізгі мақсаты ішкі істер органдарына жеткізілген азаматтардың құқықтарын қорғау және азаптауларға және оларды заңсыз ұстауға жол бермеу болып табылатын "Полициядағы кезекші прокурор – азаматтар құқықтарының кепілі" жобасын іске асыруда.

Прокурорлардың қылмыстық қудалау органдарының ғимараттарында жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі, оларда барлық жеткізілген және ұсталған адамдарды электронды есепке алу жүйесі енгізілетін, бақылау камералары орнатылатын болады.

Кезекші прокурордың міндеттеріне мәліметтер мен бейнежазбаларға мониторинг жасау арқылы азаматтардың құқықтарын бұзушылықтарды анықтау, заң бұзушылықтардың дереу жолын кесу, заңсыз ұсталғандарды немесе жеткізілгендерді босату, азаптауларды қолдану фактілері анықталған жағдайда, кейінге қалдырылмайтын іс-шараларды жүргізу және материалдарды одан әрі тексеру үшін беру, шағымдармен жүгінген азаматтарды қабылдау кіреді.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 9 бұйрығымен Полициядағы кезекші прокурорлар туралы ереже бекітілді.

Жыл сайын қылмыстық қудалау органдары қылмыс жасады деген күдік бойынша уақытша ұстау изоляторларына 38 мыңнан астам адамды қамауға алады. Бұл ретте,

егер 2008 жылы көрсетілген сан 46 мыңнан астам ұсталған адамға жетсе, 2012 жылы ол 31836 адамды құрады.

Көрсетілген статистикалық деректер тергеу органдарының процессуалдық мәжбүрлеудің аталған шараларын қолдануға анағұрлым салмақты қарай бастағаны туралы куәландырады.

Сонымен бірге тиісті прокурорлық қадағалау нәтижелері де адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жай-күйіне оң ықпал етеді. Осылайша, прокурорлар қамауға алу үшін негіздердің болмауына байланысты уақытша ұстау изоляторларынан 2008 жылы 823, 2009 жылы 1243, 2010 жылы 1224, 2011 жылы 1423 және 2012 жылы 1770 адамды босатты.

Қылмыстық қудалау органдарының уақытша ұстау изоляторлары мен қызметтік және өзге де үй-жайларында азаматтарды ұстау және қамауға алу заңдылығын тексеруді прокуратура органдары ұдайы негізде жүзеге асырады, олар түнгі уақытта да, мереке және демалыс күндері де, оның ішінде бейне түсірілімдерді пайдалана отырып жүргізіледі.

Азаптаулар белгілері анықталған жағдайда прокуратура органдары Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес кінәлі лауазымды адамдарға қатысты қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдауға, сондай-ақ оның тергелуін айқындауға құқылы.

Сонымен қатар осы санаттағы істерді тергеу кезінде ведомстволық корпоративтілікті және қызығушылықты болдырмау мақсатында "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңымен Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 192-бабына балама тергеуді көздейтін өзгерістер енгізілді, яғни азаптауларды ішкі істер органдарының қызметкерлері жасаған жағдайда, істі қаржы полициясы тергейді және керісінше.

Бұл ретте қаралып жатқан қылмыстар санатын көптеген жағдайларда билік өкілдері жасайтынын ескере отырып, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 159-бабымен қылмыстық процесті жүргізуші органға прокурордың санкциясымен, егер осы қызметте қала отырып, ол тергеуге және істі сотта қарауға, қылмыспен келтірілген залалды өтеуге кедергі келтіреді немесе осы қызметте болуымен байланысты қылмыстық әрекетпен шұғылдануды жалғастырады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, айыпталушыны қызметінен шеттету құқығы берілген.

Мұндай қаулы айыпталушының жұмыс орнына жіберіледі, оның басшысы үш тәулік ішінде оны орындауға және ол туралы лауазымнан шеттету туралы шешім қабылдаған адамға немесе органға хабарлауға міндетті.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген жағдайларда лауазымнан уақытша шеттету және қызметтік тергеу жүргізу туралы талап 2011 жылғы 6 қаңтарда

қабылданған "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңында да белгіленген.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау Қазақстан Республикасының барлық құқық қорғау органдарының маңызды міндеті болып табылады.

Прокуратура, ішкі істер және қаржы полициясы органдарында консультативтік-кеңесші органдары ретінде белгілі мемлекеттік және қоғам қайраткерлерінің, құқық қорғаушылар мен журналистердің қатысуымен қоғамдық кеңестер жұмыс істейді.

2009 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі уәкілге арнайы рұқсатсыз жазаны орындайтын мекемелерге, тергеу изоляторларына баруға құқық беретін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жазалауды орындау жүйесін және қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң қабылданды.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелерде ұстау негіздерін, тәртібі мен шарттарын бекіту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңымен қоғамдық бақылау комиссиясының мүшелеріне арнаулы мекемелерге кедергісіз бару құқығы берілген.

Бұрын белгіленген тәртіп бұзыла отырып, мекеме әкімшілігінің сотталғанға жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынудан және қоныс-колонияға ауыстырудан негізсіз бас тарту жағдайлары орын алған.

Осындай заң бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңымен Қылмыстық-атқару кодексінің 169-бабына сотталған адамға жазалаудың заңда белгіленген мерзімінің бөлігін өтегеннен кейін жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы қолдаухатпен тікелей сотқа өтініш жасау құқығы берілетін түзетулер енгізілді.

Сотталған адам заңда белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеген кезде жазаны орындаушы орган бес күн мерзім ішінде жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы мәселені қарау үшін сотқа қолдаухат беру құқығының туындағаны туралы сотталған адамға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Жазаны орындаушы орган сотталған адам осындай қолдаухатпен өтініш жасағаннан кейін он күн мерзім ішінде тиісті материалдарды және сотталған адамның жеке ісін қоса отырып, оны сотқа жолдауға, сондай-ақ прокурорға хабарлауға міндетті.

13-бап бойынша

Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында реттелген.

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16, 20-баптарына сәйкес сезіктілер мен айыпталушылардың қамауға алу орындарында болу кезеңінде өздерінің күзетте ұсталуының заңдылығы мен негізділігі және өздерінің заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы туралы мәселелер бойынша ұсыныстармен, арыздармен, оның ішінде сотқа жүгінуге құқылы.

Сезіктілер мен айыпталушылардың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарына жолдаған ұсыныстары, арыздары мен шағымдары күзетте ұстау орнының әкімшілігі арқылы жіберіледі.

Соттың, анықтаушының, анықтау органы бастығының, тергеушінің немесе прокурордың іс-әрекеттеріне және шешімдеріне жасалған шағымдар Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен дереу жіберіледі.

Өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына байланысты ұсыныстар, арыздар мен шағымдар жасағаны үшін сезіктілер мен айыпталушыларды кез келген нысанда қудалауға жол берілмейді. Күзетте ұстау орындарының мұндай қудалауға кінәлі лауазымды адамдары заңнамаға сәйкес жауап береді.

Қылмыстық-атқару кодексінің 10-бабы сотталғандардың жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне, жазаны атқарушы мекемелер мен органдардан жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстар, өтініштер жасау және шағымдану құқығын реттейді.

Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті азаматтардың шағымдары мен өтініштерін тікелей қарайды. Пенитенциарлық жүйенің барабар құқық түсіндіру жұмысы олардың санының тиісінше төмендеуіне ықпал етеді. Егер 2008 жылы Комитетке жеке және заңды тұлғалардан 5327 өтініш келіп түссе, 2012 жылы 4285 өтініш келіп түскен (2009 жылы – 5288, 2010 жылы – 4889, 2011 жылы – 4686). Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттеріне шағымдар санының 2008 жылы 5,4 %-дан 2011 жылы 3,2 %-ға дейін төмендегені байқалады.

Қазіргі уақытта аумақтық департаменттер түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдарға білікті заңгерлік көмек көрсету жөніндегі жұмысты ұдайы негізде жүзеге асырады. Сотталғандарға заңгерлік көмек көрсету үшін аумақтық әділет органдарының қызметкерлері, адвокаттар мен нотариустар, Адам құқықтары жөніндегі қазақстандық халықаралық бюро филиалдарының өкілдері тартылады.

14-бап бойынша

Қазақстан Республикасының заңнамасында азаптаулар құрбанына келтірілген зиянның орнын толтыруды және анағұрлым толық оңалту үшін қаражатты қоса алғанда, әділ және барабар өтемақы құқығын қамтамасыз ететін нормалар қамтылады.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 75-бабының талаптарына сәйкес жәбірленушіге қылмыспен, оның ішінде азаптаулармен келтірілген мүліктік зиянды, сондай-ақ өкілге арналған шығындарды қоса есептегендегі оның алдын ала тергеу мен сотқа қатысуына байланысты келтірілген шығындарды өтеу қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 39, 40-баптарына сәйкес сот бойынша ақталған адам, сонымен бірге оған қатысты ақтау негіздері бойынша қылмыстық істі қысқарту туралы қылмыстық ізге түсу органының қаулысы шығарылған айыпталушы (сезікті) кінәсіз деп саналады және оның Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір шектеуге болмайды.

Сот, қылмыстық ізге түсу органы осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамды ақтау және оған қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекетінің салдарынан келтірілген зияндарды өтеу жөнінде заңда көзделген барлық шараларды қолдануға тиіс.

Адамға заңсыз ұстаудың, қамауға алудың, басқа да процессуалдық мәжбүрлеу шараларының нәтижесінде келтірілген зиян қылмыстық процесті жүргізуші органның кінәсіне қарамастан, толық көлемде республикалық бюджеттен өтеледі. Азамат қайтыс болған жағдайда, зиянды өтеттіру құқығы заңнамада белгіленген тәртіппен оның мұрагерлеріне ауысады.

15-бап бойынша

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңға сәйкес Қылмыстық іс жүргізу кодексі:

- Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 361-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сот істегі бар және сот отырысында тараптар табыс еткен дәлелдемелерді зерттеудің қажеттілігі мен жеткіліктілігі мәселелері бойынша тараптардың пікірлерімен байланысты емес екендігін анықтауға;

- қылмыстық процесті жүргізуші органның іс материалдарын дәлелдемелер ретінде жинақтау және бекіту кезінде тергеудің рұқсат етілмеген әдістерінің қолданылғаны туралы барлық мәлімдемелерді міндетті түрде тексеруіне бағытталған нормалармен толықтырылды.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 125-бабына "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білікті заң көмегін қамтамасыз ету мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қорғауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді алудың ықтимал жолдарына қатысты толықтырулар енгізілді.

Сонымен қатар жауап алу барысында алынған мәліметтер Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіппен жүргізілген, қылмыстық процесті жүргізген орган адамнан жауап алғаннан кейін дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұрын жауап алынған адамнан жауап алу мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мәліметтер дәлелдеме ретінде тікелей пайдаланылуы мүмкін, бұл ретте бұрын жауап алынған адамның қолының түпнұсқасы заңда белгіленген тәртіппен куәландырылуға тиіс. Сонымен қатар күдікті, айыпталушы, қорғаушы, жеке айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ кез келген азаматтар мен ұйымдар қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде қосу үшін ауызша да, жазбаша да нысандағы мәліметтерді, сондай-ақ заттар мен құжаттарды ұсынуға құқылы. Заттар мен құжаттар Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 128-бабының ережелері бойынша оларды бағалағаннан кейін қылмыстық іске тігіледі, ол туралы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 122-бабы екінші бөлігінің талаптарына сәйкес хаттама жасалады.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің прокурордың, оның орынбасарының санкциясымен тергеудің бастапқы кезеңі құпиясының сақталуын тиісінше қамтамасыз ету мақсатында егер бұл ерекше жағдайларда, істің ерекше сипатымен талап етілсе, көрсетілген адамдарды хабарлау, егер күдікті кәмелетке толмаған болған жағдайларды қоспағанда, ұсталған сәттен бастап жетпіс екі сағат ішінде жүргізілмейді деген ережені белгілейтін 38-бабының 3-тармағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес алынып тасталды.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 121-бабына нақтылау енгізеді, атап айтқанда көрсетілген баптың 3-тармағында "үкім шығару немесе істі қысқарту" деген сөздер "Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы шешім шығару қылмыстық іс жүргізуді тоқтату немесе үкім шығару" деген сөздермен ауыстырылды.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінде азаптау арқылы алынған іс жүзіндегі деректер дәлелдеме ретінде пайдалануға жол берілмейді деп танылуы тиіс екенін көздейтін норма (116-бап) бар.

IV. 3-бөлім: БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясына Факультативтік хаттаманың IV-бөлігі бойынша ақпарат

2008 жылдың маусымында Азаптауларға қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялай отырып, Қазақстан 2009 жылдың 21 қарашасына Ұлттық алдын алу тетігін құруға міндеттенді.

Хаттамада көрсетілген мерзімде қаржылық дағдарыс жағдайларында Ұлттық алдын алу тетігін құру мүмкін болмады (шығынды сипатта, Азаптауларға қарсы конвенцияға факультативтік хаттаманың 18-бабының 3-тармағына сәйкес қатысушы мемлекеттер Ұлттық алдын алу тетігін жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстарды ұсынуға міндетті).

Осыған байланысты, Қазақстан Азаптауларға қарсы конвенцияға факультативтік хаттаманың 24-бабының 2-тармағы бойынша міндеттемелерді орындаудың кейінге қалдырылғанын пайдаланды және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 30 қарашадағы № 896 Жарлығымен міндеттемелерді орындауды үш жылға кейінге қалдыру туралы тиісті шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 400 қаулысымен "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілді.

Заң жобасы азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу мақсатында арнайы мекемелерге ұдайы бару жүйесін білдіретін ұлттық алдын алу тетігін құруға бағытталған.

Ұдайы бару орындары ретінде заң жобасы түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларын, алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратындарды мәжбүрлеп емдеуге арналған мекемелерді, арнайы қоғамнан уақытша оқшаулау мекемелерін, ерекше режимде ұсталатын білім беру ұйымдарын айқындайды.

Баруды Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары, атап айтқанда Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, қоғамдық бақылау комиссияларының мүшелері, Ұлттық алдын алу тетігінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік жобаларды іске асыру туралы шарттар жасасқан қоғамдық бірлестіктердің мүшелері жүзеге асырады.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілеттіге өзінің құзыретіне сәйкес бару саны мен мерзімдері шектелмейді. Ұлттық алдын алу тетігінің басқа қатысушылары арнайы мекемелерге төрт адамнан аспайтын құрамда жылына кемінде екі рет барады.

Бару қорытындылары бойынша Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары прокуратура органдарына және қарамағында мекемелер бар уәкілетті органдарға:

- баратын мекемелерде ұсталатын адамдармен қарым-қатынасты жақсарту және азаптаулардың алдын алу жөніндегі ұсынымдарды;
- заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды ұсынады.

Келіп түскен ұсынымдар мен ұсыныстарды қарау қорытындылары бойынша көрсетілген мемлекеттік органдар Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларын хабарландыруға міндетті.

Заң жобасы Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін , олардың қызметін қысқартуға арналған негіздерді айқындайды.

Ұлттық алдын алу тетігі мен оның қатысушыларының атқарушы органдардан функционалдық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында олардың қызметін мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру көзделеді.

2009 жылғы мамырда Қазақстанға БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлері мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашысы Манфред Новак мырза келді.

М. Новак мырза жеке тұлға мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастары саласында азаптаулар мен өзге де зорлық-зомбылықтың алдын алудың құқықтық тетігін құру туралы пікір айтты. Атап айтқанда, Жоғарғы Соттың тарапынан тиісті нормативтік қаулы қабылдау орынды деп танылды. Жоғарғы Сот 2007 – 2008 жылдары соттың азаптаулар туралы істерді қарау практикасын зерделеді, оның негізінде "Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы" 2009 жылғы 28 желтоқсандағы нормативтік қаулы қабылданды, онда арнайы баяндамашы Новак мырзаның Азаптау мәселелері жөніндегі баяндамасында көтерілген мәселелер көрініс тапты.

Баяндамашы ұстау сәті мен полиция учаскесіне жеткізу тіркелмейтінін, қамауда алғашқы ұстаудың үш сағаттық ең ұзақ шегі сақталатынын анықтау мүмкін еместігін атап көрсетті. Құқық қорғау органдары көрсетпелер алу үшін ұстаудың алғашқы сағаттарын азаптауды қолдана отырып пайдаланады.

Мұндай жағдайды болдырмау мақсатында нормативтік қаулыда адам ұсталған уақыттан бастап 3 сағаттан кешіктірілмей оның ұсталғаны туралы мәселені шешу үшін ол тергеушіге немесе анықтаушыға іс жүргізу бойынша берілуі тиіс екені көзделген. Нақты ұсталған уақыты ұстау хаттамасында міндетті түрде минутына дейінгі дәлдікпен көрсетілуі тиіс.

М. Новак мырза тергеу және анықтау органдары қызметкерлерінің азаптауды қолдануға үндемей келісуіне тиісті ден қоюдың болмауына да алаңдаушылық білдірді.

Осыған байланысты, заң шығарушы ҚК "Азаптаулар" деген 141-1-бабының диспозициясында лауазымды адамның азаптауларды тікелей келтіруі мен оның айдап салуымен немесе басқа адамның үнсіз келісімімен не болмаса оның рұқсатымен қылмыс жасаудың аражігін ажыратты.

V. 4-бөлім: Нақты істер бойынша және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу бойынша ақпарат

Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің деректері бойынша құқық қорғау органдары азаптаулар фактілері бойынша 2009 жылы 3, 2010 жылы 13, 2011 жылы 15, 2012 жылы 18 қылмыстық іс қозғаған.

2011 жылғы 25 наурызда Қарағанды облысы Саран қаласының прокуратурасы В. Лутошкинаның кәмелетке толмаған інісі М. Лутошкинге Саран қаласы ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің дене жарақаттарын келтіру фактісі туралы арызы бойынша Қылмыстық кодекстің 141-1-бабы 2-бөлігінің "а, г" тармақтары бойынша қылмыстық іс қозғады.

Саран қалалық сотының 2011 жылғы 25 шілдедегі үкімімен:

- Саран қаласы ішкі істер органы криминалдық полиция қызметінің бастығы В.В. Коряк ҚК-тің 28-бабының 3-бөлігі, 141-1-бабы 2-бөлігінің "а, г" тармақтары бойынша кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарында мемлекеттік қызметте лауазымды атқару және әкімшілік-шаруашылық қызметімен байланысты ұйымдарда қандай да бір лауазымдарды атқару құқығынан айырыла отырып, жалпы режимдегі түзеу колониясында 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға тартылды;

- Саран қаласы ішкі істер органы криминалдық полиция қызметкері Р. Ауқенов ҚК-тің 141-1-бабы 2-бөлігінің "а, г" тармақтары бойынша кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарында мемлекеттік қызметте лауазымды атқару және әкімшілік-шаруашылық қызметімен байланысты ұйымдарда қандай да бір лауазымдарды атқару құқығынан айырыла отырып, жалпы режимдегі түзеу колониясында 2 жыл 6 айға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға тартылды.

Қарағанды облыстық сотының 2011 жылғы 16 қыркүйектегі апелляциялық инстанциясы үкімді өзгеріссіз, сотталғандардың шағымдарын қанағаттандырмай қалдырды.

Сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдар Солтүстік Қазақстан облысындағы полиция қызметкерлерінің тарапынан болған адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттер мен билікті асыра пайдалану фактілері бойынша ден қою шараларын уақтылы қабылдады.

2012 жылдың 28 қаңтарында шамамен сағат 15.00-де Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Ясновка ауылындағы орта мектептің ғимаратында көрсетілген

ауданның ІІБ-нің қызметкерлері К.Р. Сәрсенбаев пен Р.Х. Козырев күш көрсете отырып қорқыту арқылы азамат И.И. Рожновтан ауылдық орта мектептен ноутбук ұрлағанын мойындауды талап еткен.

Сол күні сағат 20.30-да И.И. Рожновты полиция қызметкерлері Есіл АІІБ-нің ғимаратына жеткізіп, онда ол АІІБ спортзалының үй-жайында түнгі уақытта заңсыз ұсталған. Содан кейін И.И. Рожнов оған қатысты анықтаудың рұқсат етілмеген әдістерін қолдануды жалғастырады деп қорқып, өзіне - өзі жала жаба отырып, ноутбукты ұрлауда оң көрсетпелер беруге мәжбүр болған.

2012 жылдың 29 қаңтарында тергеу іс-әрекеттері барысында И.И. Рожнов қызметкерлерден жасырынып, кейіннен орманда адасып, аяқтарын үсіріп алған. 2012 жылдың 1 ақпанында И.И. Рожнов "3-4 дәрежедегі екі аяғының бастарын үсуі" деген диагнозбен Қызылжар ауданының Орталық аудандық ауруханасына түсіп, онда оған ота жасау арқылы екі аяғын кесіп тастаған.

Ағымдағы жылдың 14 ақпанында аталған факт бойынша СҚО ІІД Өзіндік қауіпсіздік басқармасы Қазақстан Республикасы ҚК 308-бабы 4-бөлігінің "а" тармағы (билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану) бойынша қылмыстық іс қозғаған.

Петропавл қаласы сотының 2012 жылғы 26 қарашадағы үкімімен К.Р. Сәрсенбаев пен Р.Х. Козырев олар жасаған қылмыстық әрекетте кінәлі деп танылып, оларға тиесілі мүліктің барлығы тәркілене, 3 жыл мерзімге мемлекеттік органдарда лауазымда атқару құқығынан айырыла отырып, жалпы режимдегі түзеу колониясында жазасын өтей отырып, 5 жылға және 6 айға бас бостандығынан айыруға сотталды.

Қылмыстық-атқару жүйесін реформалау шеңберінде мемлекет пенитенциарлық жүйені халықаралық нормалар мен стандарттарға жақындату бойынша шаралар қабылдауда.

Қазіргі уақытта тергеу-қамауындағылар мен сотталғандарға заңгерлік, консультативтік, әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету түріндегі бірлескен жобаларды іске асыру арқылы 42 қоғамдық бірлестікпен ынтымақтастық жолға қойылған. 2012 жылы дөңгелек үстелдер, кездесулер мен сабақтар түрінде 283 іс-шара өткізілді.

Қамауда ұстау және алдын ала тұтқындау орындарында қамауда ұсталатын адамдардың құқықтарын сақтаудың қоғамдық мониторингі институтын дамыту, сондай-ақ азаптауларға және басқа да қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер түрлеріне қарсы күрестің тиімділігін арттыру мақсатында Ішкі істер министрлігі 2006 жылдан бастап "Адам құқықтары үшін хартия" Қоғамдық қорымен бірлесе отырып, Алматы, Өскемен, Тараз, Шымкент және Ақтөбе қалаларында "Уақытша ұстау изоляторларында және полиция учаскелерінде ұсталатын ұсталғандардың, күдіктілердің, айыпталушылардың құқықтарын сақтау мониторингі" жобасын іске асыруда.

2010 жылғы сәуірде облыстардың және Астана, Алматы қалаларының барлық прокуратуралары аумақтық құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, үкіметтік емес ұйымдар қамауға алған азаматтар немесе сотталғандар ұсталатын мемлекеттік органдар мен мекемелер қызметкерлерінің азаптауларды қолдануымен байланысты қылмыстардың алдын алу жөніндегі 2010 – 2012 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті.

Жоспарланған іс-шараларды орындау үшін үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық шарттарды зерделеу мәніне құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында сабақтар, сондай-ақ көрсетілген тақырып бойынша тренингтер, семинарлар және дөңгелек үстелдер өткізілді.

Үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен барлық қамауға алу және бас бостандығынан айыру орындарында ұдайы негізде мониторингтер жүргізілді.

Егер 2008 жылы үкіметтік емес ұйымдар қамауда ұстау және бас бостандығынан айыру орындарына 697 рет барса, 2011 жылы 1377 рет мониторинг жүргізген. Сонымен қатар сол жылы қоғамдық бақылау комиссияларының мүшелері осы мекемелерге 884 рет барған.

Еліміздің барлық өңірлерінде Қоғамдық бақылау комиссиялары жұмыс істейді, олардың құрамына үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының өкілдері кіреді.

Үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдары өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің (Омбудсмен) жанынан азаптаулардың алдын алу жөніндегі жұмыс тобы құрылды, оның міндетіне қамауда ұстау орындарына бару және ұлттық алдын алу тетіктерін құру моделі мен рәсімі бойынша ұсынымдар дайындау кіреді.

2011 жылы ішкі істер органдарының қызметкерлері "Адам құқықтары үшін хартия" қоғамдық қорының өкілдерімен бірлесе отырып, азаптауларды қолданумен байланысты қылмыстардың алдын алу мақсатында ішкі істер органдарының бөліністеріне 280 тексеріс, оның ішінде арнайы мекемелерге 134 тексеріс жүргізді.

Арнайы мекемелерде ұсталатын адамдарға қатысты олардағы қызметкерлердің азаптауларды қолдану фактілері тіркелмеген.

Адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттар мен қоғамдық институттардың ұсынымдарын ескере отырып, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелерде ұстау негіздерін, тәртібі мен шарттарын бекіту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы қабылданды.

Заңда ұстау, медициналық-санитариялық қызмет көрсету, бос уақыт және оқыту жағдайлары бөлігінде ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде ұсталатын

адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауда көмек көрсету мақсатында оларға қоғамдық бақылауды жүзеге асыру көзделген.

Заңнамалық түзетулерді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 маусымдағы № 702 қаулысымен Арнаулы мекемелерде қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың қоғамдық бақылау комиссияларын құру қағидасы бекітілді.

Бекітілген Қағидаға сәйкес комиссиялардың арнайы мекемелерге кедергісіз баруға; онда ұсталатын контингентпен әңгімелесуге; олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы мәселелері бойынша өтініштер мен шағымдар қабылдауға құқығы бар. Сондай-ақ комиссиялардың мүшелері арнайы мекемелерде ұсталатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етумен байланысты мәселелер бойынша арнайы мекемелердің әкімшілігіне және прокуратура органдарына арызбен өтініш жасауға құқылы.

VI. 5-бөлім: БҰҰ-ның Азаптауларға қарсы комитетінің екінші мерзімді баяндаманың нәтижелері бойынша ұсынымдарын Қазақстан Республикасының орындауы туралы ақпарат

6-тармақ бойынша

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңымен Қылмыстық кодексте "Азаптаулар" деген бап "Сот төрелігіне қарсы қылмыстар және жазаларды орындау тәртібі" деген тараудан "Адам мен азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар" деген тарауға ауыстырылды. Сонымен қатар "азаптаулар" деген ұғымның анықтамасына "олардың айдап салуымен немесе басқа адамның үнсіз келісімімен не болмаса олардың білуімен" деген нақтылау енгізілді, онда "олардың" деген сөздің астарында тергеуші, анықтауды жүзеге асыратын адам немесе өзге де лауазымды адам тұспаланады.

7-тармақ бойынша

Бас бостандығынан айырылған немесе басқа да жолмен бостандығы шектелген адамдардың ерекше осалдығына қарай қылмыстық процесте өздерінің құқықтарын іске асыру мүмкіндігі бойынша Қазақстан Республикасы Конституциясында тиісті құқықты жалпы халықаралық-құқықтық тұжырымдамаға сәйкес келтіретін норма бар. Онда ешкім де азаптауларға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалауға тартылмауы тиіс деп көрсетілген.

Бас бостандығынан айыру орындарында азаптауларды, арнайы құралдарды немесе дене күшін қолданудың әрбір фактісі бойынша міндетті түрде прокуратура органдарына хабарланады, қызметтік тергеулер не болмаса тергеуге дейінгі тексерістер жүргізіледі.

2010 жылы сотталғандарға қатысты азаптаулар, зорлық-зомбылық жасағаны, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін ҚК-тің 347-1 "Азаптаулар", 308-баптары "Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану" бойынша пенитенциарлық жүйенің 21 қызметкеріне қатысты 9 қылмыстық іс қозғалды және тергелді.

Көрсетілген қылмыстық істер бойынша 2011 жылы 12 адам әртүрлі мерзімге сотталды. 2012 жылы Қарағанды облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің АК 159/25 мекемесінің қызметкерлеріне қатысты сотталған О.А. Имроншоевқа қатысты азаптаулар қолдану фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалды. Жалпы 2012 жылы зорлық-зомбылық қолданғаны үшін 11 қызметкер сотталды.

Сонымен қатар 2012 жылдан бастап барлық еңбек ұжымының қатысуымен кінәлі қызметкерлердің жұмыс орны бойынша сот үкімдерін көпшілік алдында жариялау практикасы енгізілді. Мұндай практика тек азаптаулар фактілері бойынша ғана емес, сонымен қатар барлық басқа да құқық бұзушылықтар бойынша қолданылады.

Шағымдар мен өтініштер берудің жалпы тәртібі "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен реттелген, оған сәйкес қамауда ұстау орындарына орналастырылған күдіктілер мен айыпталушылар ұсыныстармен, арыздармен, оның ішінде оларды қамауда ұстау заңдылығы мен негізділігі және олардың заңды құқықтары мен мүдделерін бұзу мәселесі бойынша сотқа өтініш жасауға құқылы.

Қазіргі уақытта барлық арнаулы мекемелер мен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сексуалдық зорлық-зомбылықтың, оның ішінде осы мекемелердің персоналы жасайтын зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізіледі.

Қазақстанның пенитенциарлық жүйесі кемсіту белгілерін болдырмауды ескере отырып, жазасын өтеп жатқан еркектер мен әйелдердің, жасөспірімдер мен азаматтардың басқа да санаттарының ерекше қажеттіліктерін ескереді.

Сондай-ақ қайта тәрбиелеу және қайта ықпалдастыру бағдарламалары еркек, сондай-ақ әйел жынысты сотталғандардың қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ескереді.

Осыған байланысты пенитенциарлық мекемелердегі әйелдер қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын таңдаған кезде және бас бостандығынан айыру түріндегі үкім заңды күшіне енгеннен кейін де қауіпсіздік режимінде ұсталады, жазасын өзінің отбасына жақын жерде өтейді, телефон байланысы, кездесулер және т.б.

арқылы отбасыларымен ұдайы байланыста болу шаралары көзделеді. Жүкті, бала емізетін әйелдердің ерекше қажеттіліктерін тану және қанағаттандыру, сондай-ақ әйелдер колонияларының жанынан балалар үйлерін ұстау қамтамасыз етіледі.

Шағымдарды құпия түрде беру үшін тетіктерді орнату мақсатында барлық қылмыстық-атқару жүйесі органдарында Қоғамдық бақылау комиссияларына, прокуратура органдарына және т.б. жіберілген шағымдар мен арыздарға арналған жәшіктер орнатылған, хат-хабарларды осы органдардың өкілдері алады.

Сонымен қатар Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінде және оның барлық аумақтық бөліністерінде сенім телефондары, сондай-ақ Интернет желісінде сенім сайты жұмыс істейді.

Полиция қызметіне қатысты бірде бір сыни материал назарсыз қалмайды. Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзудың әрбір фактісі төтенше оқиға болып есептеледі және мұндай тәртіп бұзушылықтарға жол берген лауазымды адамдар ең қатаң жауапкершілікке тартылады.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезінде ішкі істер органдарының барлық бөліністерінің, оның ішінде тергеу органдары қызметінің басты бағыттарының бірі болып табылады.

Барлық тергеушілер мен анықтаушылардың назарына қылмыстық процестің қатысушыларына қатысты азаптауларды қолдану фактілерін болдырмау туралы талаптар жеткізілді.

Қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде 2009 – 2011 жылдар ішінде тергеушілер мен анықтаушылардың азаптауларды қолдануының бірде бір фактісі тіркелмеген.

Аттестаттаудан өту тәртібі "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңның 47-бабында көзделген, онда құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби даярлығының деңгейін, құқықтық мәдениетін және азаматтармен жұмыс істеу қабілетін айқындау жөніндегі рәсім жүзеге асырылады. Аталған талаптар тергеу қызметтерінің қызметкерлері үшін де міндетті.

Сонымен қатар, 2012 жылы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, оның ішінде тергеушілерді кезектен тыс аттестаттау бірінші рет өткізілді.

8-тармақ бойынша

2002 жылдан бастап 2011 жылға дейін қылмыстық-атқару жүйесі Әділет министрлігінің қарамағында болды. Осы уақыт ішінде көптеген түзеу мекемелеріндегі криминогендік жағдай болжағандай жақсарған жоқ. Бұл ретте мүшесін зақымдаушылық актілерінің, мекеме әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау фактілерінің саны өсті.

Бұл жағдай 2011 жылдың шілдесінде қылмыстық-атқару жүйесінің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағына қайтарылуына ықпал етті.

Уақытша ұстау изоляторлары мен тергеу изоляторларын Әділет министрлігінің қарамағына беру бүгінгі күні мерзімінен бұрын болып табылады, себебі мұндай жағдайларда тергеу іс-шараларын жүргізуді басқа ведомствоның лауазымды адамдары жүзеге асырады, бұл ұсталған адамдарға қатысты процессуалдық мерзімдердің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін, ал ол қамауда заңсыз ұстауға негізді шағым жасауға әкеп соғады.

Сонымен қатар уақытша ұстау изоляторлары аудандық деңгейдегі ішкі істер органдарының құрылымдық бөлінісі болып табылады және олардың барлығы тікелей аудандық ішкі істер бөлімдерінің ғимараттарында орналасқан. Оларды әділет органдарына берген жағдайда жаңа изоляторлар салу және қосымша қаржылай қаражат бөлу талап етіледі.

2009 жылдың ақпанында Қазақстан Республикасының Үкіметі Азаптауларға қарсы конвенцияның және оған Факультативтік хаттаманың шеңберінде Қазақстан Республикасының міндеттемелерін жүзеге асыру жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету және үйлестіру мақсатында 2010 – 2012 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті.

Көрсетілген Іс-шаралар жоспарын орындау үшін 2010 жылдың сәуірінде облыстардың және Астана, Алматы қалаларының барлық прокуратуралары аумақтық құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, мемлекеттік органдар мен қамауға алынған немесе сотталған азаматтар ұсталатын мекемелер қызметкерлерінің азаптауларды қолдануымен байланысты қылмыстардың алдын алу бойынша үкіметтік емес ұйымдармен 2010 – 2012 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті.

Іс-шаралар жоспарында азаптаулар мен қатыгез қарым-қатынасты болдырмауға бағытталған ұйымдастырушылық, ақпараттық және профилактикалық сипаттағы шаралар кешені көзделді.

Қазіргі уақытта республиканың барлық өңірлерінде 14 қоғамдық бақылау комиссиясы жұмыс істейді, олардың құрамына қоғамдық бірлестіктердің, мемлекеттік органдардың 101 өкілі, құқық қорғау ұйымдарының заңгерлері, медицина қызметкерлері, сондай-ақ Қылмыстық-атқару жүйесі ардагерлер кеңесінің өкілдері кіреді.

Жыл сайын Қоғамдық бақылау комиссияларымен бірлесіп жүргізілген іс-шаралар мен мекемелерге бару саны көбеюде, бұл факт өте позитивті, егер 2006 жылы 146 іс-шара жүргізілсе, 2012 жылы 420 іс-шара өткізілді.

2012 жылы ұлттық қауіпсіздік органдары терроризмге қарсы бестен астам операция жүргізді.

Сонымен қатар осал топтарға немесе пана сұраушылар мен тыйым салынған исламдық топтар мен исламдық партиялардың мүшелері немесе күдікті мүшелері

сияқты ұлттық және діни қауіпсіздік қауіп-қатері ретінде қабылданатын топтарға қарсы контртеррористік операциялар жүргізілген жоқ.

Терроризмге қарсы күрес шеңберінде ұсталған адамдар басқа адамдар сияқты қамтамасыз етіледі және бірдей құқықтары бар және сондай міндеттерді орындайды. Олардың радикалдық және экстремистік түрдегі тыйым салынған бірлестіктерге қатыстылығымен байланысты қандай да бір шектеулерге жол берілмейді.

Ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының уақытша ұстау және тергеу изоляторларында азаптаулар мен нашар қарым-қатынастың басқа да түрлерін қолдану фактілеріне жол берілген жоқ.

9-тармақ бойынша

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттің жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Бұл мемлекетте адамға деген қамқорлықтан асқан маңызды міндеттердің жоқ екенін білдіреді және ол адамның лайықты өмір сүруі үшін барлық қолдан келетін жағдайларды жасауға міндетті.

Адамның негізгі құқықтарының бірі әркімнің жеке басының бостандығына құқығы (Конституцияның 16-бабы) болып табылады. Ол әрқайсысына туғаннан бастап тиесілі, шексіз және айыруға болмайды деп танылады және Негізгі заңның 39-бабының 3-тармағына сәйкес Конституцияның өзінде белгіленген нормаларды қоспағанда, қандай да бір жағдайда да шектелуге жатпайтын құқықтар мен бостандықтардың қатарына жатады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес қамауға алу мен қамауда ұстауға заңда көзделген реттерде және қамауға алынған адамға шағымдану құқығы беріле отырып, тек қана соттың санкциясымен жол беріледі. Соттың санкциясынсыз адам жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұсталуы тиіс. Әрбір ұсталған, қамауға алынған және қылмыс жасады деп айыпталушы адам ұсталған, қамауға алынған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Құқық қорғау және арнайы органдар қызметкерлерінің азаматтарды ұстау кезінде заң бұзушылықтарға жол бермеуі мақсатында мемлекеттік органдар аталған саланы реттейтін мынадай актілерді қабылдады:

1. "Конституциялық мерзімдерді есептеу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын ресми түсіндіру туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысы.

Аталған нормативтік қаулыда конституциялық-құқықтық мағынада "ұстау" деп құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер

бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ мәжбүрлеу сипатындағы өзге де шараларды қолдану мақсатында адамның жеке бас бостандығын жетпіс екі сағаттан аспайтын қысқа уақытқа шектеуден тұратын және уәкілетті мемлекеттік органдар, лауазымды және өзге де тұлғалар заңда көзделген негізде және тәртіппен іске асыратын мәжбүрлеу шарасын түсіну қажет екені нақты көрсетілген.

"Соттың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады" деген конституциялық ереже, осы көрсетілген уақыттан кешіктірмей соттың ұсталған адамға қатысты тұтқындау және қамауда ұстау, сондай-ақ заңмен көзделген өзге де шараларды қолдану туралы шешім қабылдануы қажет немесе ұсталған адам босатылуға тиіс дегенді білдіреді. Бұл орайда Конституциялық Кеңес, тиісті шешім қабылдауы үшін заң шығарушы одан да азырақ, жетпіс екі сағат шегіндегі мерзімді белгілеуі мүмкін деп атап өтеді.

Ұсталған адамның емін-еркін жүріп-тұру бостандығын шектеуді – белгілі бір жерлерде мәжбүрлеп ұстауды, анықтау және тергеу органдарына мәжбүрлеп әкелуді (адамды қолға түсіруді, үй-жайға қамауды, бір жерге баруға, немесе орнында тұруға мәжбүрлеуді және т.б.), сондай-ақ адамның жеке бас бостандығын айтарлықтай шектейтін басқа да әрекеттерді де қоса отырып, бас бостандығы оған қандай да бір процессуалдық мәртебе берілуіне немесе басқа бір формальды рәсімдер орындалуына қатыссыз шын мәнінде шектелген кезде, минутына дейінгі дәлдікпен сол сағат ұстау мерзімінің басталуы болып табылады. Нақты ұстау уақытынан бастап үздіксіз есептелетін жетпіс екі сағаттан өтуі осы мерзімнің аяқталу сәті болып табылады.

2. "Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы.

Алғаш қамауда ұстаудың үш сағаттық максималды шегін сақтау мақсатында нормативтік қаулыда адам нақты ұсталған уақыттан бастап 3 сағаттан кешіктірілмей, оның іс жүргізу бойынша ұсталғаны туралы мәселені шешу үшін тергеушіге немесе анықтаушыға берілуі тиіс екені көзделген. Нақты ұсталған уақыты міндетті түрде минутына дейін дәл көрсетіле отырып, ұстау хаттамасында көрсетілуі тиіс.

Азаматтарды ұстаған жағдайда ұстау мерзімінің басталуы олардың емін-еркін жүріп-тұру бостандығын шектеу сәті, органдарға жеткізу, адам мен азаматтың жеке бостандығын шектейтін оқшаулап ұстау болып табылады. Ұстау хаттамасын толтыру кезінде хаттамада минутына дейін дәлдікпен нақты ұстау уақыты міндетті түрде тіркелуі тиіс.

Сондай-ақ азаматтар ұстауды немесе қамауға алуды кім жүзеге асырғанын білуге құқылы. Сонымен қатар азамат оны ұстау немесе қамауға алу себебі туралы ақпарат

алуға, адвокатқа, өзінің тұрған жері туралы туған-туыстары мен таныстарына хабарлау үшін бір телефон қоңырауын соғуға және сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасауға құқылы, бұл міндетті түрде.

Ұсталғанның, қамауға алынғанның тұрған жері туралы оның туған-туыстарына хабарлау тәртібі Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 138-бабында реттелген.

Ішкі істер органдарында жеткізілген адамдарды есепке алу журналдары көзделген, прокурорлар кабинеттері ұйымдастырылған, олар жеткізілген адамдардың болу негізділігін тексеріп, шағымдар мен арыздарды қабылдауды жүзеге асырады. Адамдарды уақытша ұстау изоляторларына орналастыру уақыты көрсетілген изоляторлардың журналдарында тіркеледі.

Уақытша ұстау изоляторларындағы, тергеу изоляторларындағы және түзеу мекемелеріндегі адамдарға дене жарақаттарын келтіру фактісі, сондай-ақ дене жарақаттарын келтіргені туралы шағыммен жүгінген адамдар анықталған жағдайда, бір тәулік мерзімде міндетті түрде прокуратура органдарына хабарланады.

Сондай-ақ дене жарақаттарының болуы мәніне Денсаулық сақтау министрлігі "Сот медицинасы орталығының" мамандары медициналық куәландыру жүргізеді.

10-тармақ бойынша

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңымен құқық қорғау органдарына ерекше жағдайларда 72 сағат мерзімге ұсталған адамның жақын туыстарына хабарлауды кейінге қалдыру құқығын беретін, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 138-бабының 3-бөлігі алынып тасталды.

Сондай-ақ "Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы қабылданды, онда аталған саладағы сот-тергеу практикасында туындайтын мәселелер бойынша қажетті түсініктемелер берілді.

11-тармақ бойынша

Қазақстанның қолданыстағы заңнамасы жеткілікті деңгейде қылмыстарды жасауда күдікті адамдарды ұстау, оларды қамауда ұстау, олардан жауап алу және т.б. мәселелерді реттейді.

Көрсетілген іс-шаралар Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 132, 134, 137-баптарына сәйкес және оларда көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Адамды ұстаған кезде нақты ұстау сәтінен бастап үш сағаттан аспайтын мерзімде тергеуші немесе анықтаушы хаттама жасайды, онда ұстаудың негізі мен дәлелдері, жері мен уақыты (сағаты мен минутын көрсете отырып) көрсетіледі. Хаттама ұсталған адамға жарияланады және бұл ретте оған барлық осы құқықтар, соның ішінде оның қорғаушы шақыру және соның қатысуымен жауап беру құқығы түсіндіріліп, бұлар хаттамада көрсетіледі. Жүргізілген ұстау туралы анықтаушы мен тергеуші ұстау хаттамасы жасалған сәттен бастап он екі сағат ішінде прокурорға жазбаша хабарлауға міндетті. Жауап алыну басталғанға дейін ұсталған адамға қорғаушымен оңаша және құпия жолығу қамтамасыз етілетінін атап өткен жөн.

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңмен адамдарды құқық қорғау және арнайы органдардың арнаулы мекемелеріне орналастыру негіздері белгіленген. Тиісті органдардың санкциясынсыз бір де бір адам арнаулы мекемелерге орналастырылмайды. Арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдардың құқықтары, олардың тіршілігін қамтамасыз ету мәселелері осы Заңның 2-тарауында реттелген.

Мұндай мекемелердің қызметі жоғарыда аталған заңнамалық актімен, сондай-ақ ведомстволық нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 1 маусымдағы № 385 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіп ережелері бекітілді.

Бұл нормативтік құқықтық акт "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 13 маусымда № 1883 болып тіркелді және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде 2003 жылғы № 16 санында жарияланды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары арнайы қабылдау орындарының қызметін ұйымдастыру ережесі Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 232 бұйрығымен бекітілді (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 22 маусымда № 7030 болып тіркелді және "Казахстанская правда" газетінің 2011 жылғы 27 тамыздағы № 272-274 (26693-26695) санында жарияланды).

Қабылдау-тарату орындарының қызметі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 233 бұйрығымен бекітілген Ішкі істер органдары қабылдау-тарату орындарының қызметін ұйымдастыру ережесімен реттеледі ("Казахстанская правда" газетінің 2011 жылғы 27 тамыздағы № 272-274 (26693-26695) санында жарияланған және Қазақстан Республикасының Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 22 маусымда № 7031 болып тіркелген).

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2002 жылғы 17 қыркүйектегі № 171/ҚБПУ бұйрығымен Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторларындағы ішкі тәртіп ережесі бекітілді, ол Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2002 жылғы 28 қазанда № 2026 болып тіркелген.

Құқық қорғау және арнайы органдардың арнайы мекемелеріне орналастырылған адамдарға медициналық көмек көрсету мәселелері:

- "Бас бостандығы шектеулі, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналастырылған азаматтарға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2012 жылғы 7 сәуірдегі № 430 қаулысымен;

- "Уақытша ұстау изоляторларындағы, тергеу изоляторларындағы және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі адамдарда дене жарақаттарының бар-жоғына медициналық куәландыру жүргізуде сот медицинасы саласындағы мамандардың міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 30, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 56, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 41 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 15 бірлескен бұйрығымен реттеледі.

12-тармақ бойынша

Алдын ала тергеудің жалпы шарттарынан басқа, кәмелетке толмағандарға қатысты, оның ішінде процессуалдық мәжбүрлеу және жауап алу шараларын таңдау туралы мәселені шешу кезінде сотқа дейінгі ерекше өндіріс рәсімі көзделген.

Осылайша, заң шығарушы кәмелетке толмаған күдіктіге Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген бұлтартпау шарасын қолдануға болады деп белгілей отырып, қылмыстық процесті жүргізетін органның назарын әрбір жағдайда ата-анасының, қамқоршысының, қорғаушысының және сенім білдіруге лайықты басқа да адамдардың, сондай-ақ олар ұсталатын арнайы мекеме әкімшісінің қарауына беру сияқты шараны таңдау мүмкіндігін қарастыру қажеттілігіне аудартады.

Сонымен бірге көрсетілген нормамен: бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу, сондай-ақ ұстау кәмелетке толмағанға тек айрықша жағдайларда, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған кезде тиісті негіздер болған кезде ғана қолданыла алатыны; алдын ала тергеу сатысында кәмелетке толмағанды қамауда ұстау мерзімі кемінде алты айға дейінгі мерзімге ұзартыла алатыны айқындалған. Кәмелетке толмағандар бөлек

ұсталады; қылмыстық процесті жүргізуші орган кәмелетке толмағанның ұсталғаны, қамауға алынғаны немесе қамауда ұстау мерзімінің ұзартылғаны туралы кәмелетке толмағанның ата-анасына немесе оның басқа да заңды өкілдеріне, ал олар болмаған жағдайда - жақын туыстарына дереу хабарлайды.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің "Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша өндіріс" деген 52-тарауында осы санаттағы қылмыстық істер өндірісінің ерекшеліктері реттелген.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 491-бабына сәйкес бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу, сондай-ақ ұстау тек қана кәмелетке толмағанға айрықша жағдайларда, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған кезде қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, егер ол адамның өліміне немесе денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты болмаса, ауыр қылмыс үшін де тараптардың ымыраласуына байланысты кәмелетке толмаған сотқа дейін қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін.

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Заңның 17-бабына сәйкес өндірісінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның жазбаша рұқсатының негізінде кәмелетке толмаған күдіктіге, айыпталушыға айына кемінде үш рет туыстарымен және өзге де адамдармен ұзақтығы әрқайсысы үш сағатқа дейін кемінде үш кездесу ұсынылуы мүмкін. Ұсталған сәттен бастап күдіктілер мен айыпталушыларға қорғаушымен жеке және құпия түрде кездесуге мүмкіндік беріледі. Кездесу ұзақтығы шектелмейді.

Сондай-ақ "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңымен кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік қатаңдатылды.

13-тармақ бойынша

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 14-бабымен сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін қамауда ұсталмайтын адамды медициналық ұйымға мәжбүрлі түрде орналастыруға тек соттың шешімімен ғана, ал сот-медициналық сараптаманы жүргізу үшін соттың шешімі бойынша немесе прокурордың санкциясымен жол берілетіні көзделген.

Сонымен қатар "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот-сараптама қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңымен Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 247-бабы жаңа редакцияда жазылды, онда медициналық ұйымға орналастыру мерзімі мен мерзімді ұзарту тәртібі нақты реттелген.

Осы заңмен енгізілген Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 244-1-бабы оларға қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін белгілейді, оның ішінде аталған адамдарды медициналық технологиялардың, фармакологиялық және дәрі-дәрмек құралдары клиникалық зерттеулерінің субъектілері ретінде пайдалануға, хирургиялық араласуды көздейтін зерттеу тәсілдерін қолдануға тыйым салады.

Осы бап сот сараптамасын тағайындаған органды өзіне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамды баламалы тәсілдерді қоса алғанда, сот-сараптамалық зерттеулердің пайдаланылатын тәсілдері, сондай-ақ болуы мүмкін ауырсыну сезімдері мен жанама әсерлер туралы оған түсінікті түрде хабарлауды міндеттейді.

Көрсетілген ақпарат оған қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамның қолдаухаты бойынша оның заңды өкіліне де ұсынылады. Медициналық ұйымға орналастырылған адамға шағымдар мен өтініштер жасауға мүмкіндік беріледі.

14 және 15-тармақтар бойынша

Елден қуу (депортация), қайтару және беру (экстрадиция) әртүрлі заңнамалық актілердің негізінде жүзеге асырылады. Шетелдік азаматтарды экстрадициялаудың және Қазақстанның азаматтарын беру туралы шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарына өтініш жасаудың жалпы ережелері Қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен реттелген.

Көші-қон заңнамасының нормаларын бұзу және Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексте тиісті жауапкершіліктің болуы шетелдік азаматтарды депортациялаудың негізі болып табылады.

Шетелдік азаматтарды беру рәсіміне қатысты Қазақстанның екі жақты ынтымақтастығының даму үрдісін және аталған саладағы келісімдерге қол қоюды атап өтуге болады.

Қазақстан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау жолын ұстанушы бола отырып, шараларды қабылдауда, оның ішінде заңнамалық деңгейде және оларды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауда.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңмен Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 532-бабының бірінші бөлігі жаңа ережемен толықтырылды, онда сұрау салушы мемлекетте адам қинауды қолдану қаупіне ұшырауы мүмкін деп ұйғаруға негіз болса, ұстап беруге жол берілмейді.

Статистикалық деректерге сәйкес барлық көрсетілген кезеңде уәкілетті шетелдік органдардың сұрау салулары бойынша Қазақстан қылмыстық жауапкершілікке тарту

немесе үкімді орындау үшін 576 адамды (2008 жылы – 108, 2009 жылы – 81, 2010 жылы – 151, 2011 жылы – 114, 2012 жылы – 122) берген.

63 адамды (2008 жылы – 22, 2009 жылы – 7, 2010 жылы – 4, 2011 жылы – 22, 2012 жылы – 8) шет мемлекеттерге беруден бас тартылды. Бас тарту негіздері, әдеттегідей, талап етілген адамдарда Қазақстан азаматтығының болуы, қылмыстық жауапкершілікке тарту мерзімдерінің өтуі болып табылады.

Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген Заңмен Қылмыстық іс жүргізу кодексі адамды шет мемлекетке беру туралы Бас прокуратураның шешіміне сотқа шағымдану құқығын беретін 531-1-баппен толықтырылды.

Аталған республиканың азаматтарын Өзбекстан Республикасына экстрадициялауға қатысты 2010 жылы терроризм, діни экстремистік, сепаратистік және басқа да тыйым салынған ұйымдарға қатысқаны, адам өлтіргені, сондай-ақ қылмыстық топтарды құрғаны және қатысқаны үшін осы мемлекеттің құқық қорғау органдары іздестіру жариялаған Өзбекстанның 29 азаматы берілді.

Бұл ретте Өзбекстан Республикасының Бас прокуратурасы экстрадициялағаннан кейін ұсталған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтайтыны, сондай-ақ азаптаулар мен басқа да адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттерді қолданбайтыны туралы жазбаша кепілхаттар ұсынды.

Өзбек тарапы "Қызыл крест", Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының және өзге де бірқатар халықаралық құқық қорғау ұйымдарының өкілдері республиканың пенитенциарлық мекемелеріне еркін кіре алатынын растады.

Дәлелдерді қосымша растау мақсатында 2012 жылдың 3-14 тамызы аралығында қазақстандық дипломатиялық қызмет өкілдері қазіргі уақытта Өзбекстан Республикасында жазасын өтеп жатқан 18 экстрадицияланған адаммен кездесті.

Сонымен қатар Қазақстан босқындар мәселелері бойынша заңнамалық шараларды дәйекті түрде қабылдауда.

Қазақстан Республикасының Парламенті 1998 жылғы 15 желтоқсанда БҰҰ "Босқындардың мәртебесі туралы" Конвенциясын және босқындардың мәртебесіне қатысты Хаттаманы ратификациялады.

Оны іске асыру және босқындардың құқықтарын қамтамасыз ету және реттеу мақсатында 2009 жылы 4 желтоқсанда "Босқындар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссарының Басқармасы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім ратификацияланды.

Елдің өзіне қабылдаған міндеттерін ескере отырып, "босқын" мәртебесін беру туралы өтініш білдірген адамдарды жер аудармау" деген негізгі қағиданы орындау бойынша барлық шаралар қабылдануда.

2013 жылдың 1 қаңтарында танылған босқындар саны 491 адамды құрады. Босқын мәртебесін беру туралы қолдаухатпен 2013 жылдың басына 9 адам өтініш жасаған. 2012 жылы 10 адамға босқын мәртебесін беруден бас тартылды және 11 адамның қолдаухаты қаралу сатысында.

Босқын мәртебесін беру туралы өтініш білдіруші адамдардың негізгі бөлігі Ауғанстан Ислам Республикасының азаматтары болып табылады – 484 адам.

16-тармақ бойынша

Қазақстанның Халықаралық қылмыстық соттың Рим Статутына қосылуы туралы Халықаралық қылмыстық сот Коалициясының 2012 жылғы 6 сәуірдегі ұсынысын қазіргі уақытта Қазақстан қолдай алмайды, себебі адамдардың лауазымдық жағдайына карамастан, оларға қатысты Халықаралық Қылмыстық Соттың юрисдикциясына қатысты, сондай-ақ жекелеген лауазымды адамдардың иммунитеттерін мойындамау және оларды қылмыстық жауапкершілікке тартуды шектейтін арнайы процессуалдық нормалар мәселелері бойынша Статуттың ережелері республика Конституциясының қағидаларына сәйкес келмейді.

17 және 18-тармақтар бойынша

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары елдің Конституциясына сәйкес мемлекеттің жоғары құндылықтары болып табылатынын ескере отырып, қылмыстық заңнамада "Азаптаулар" қылмыс құрамының түпкілікті нысаны өзгертілді. Қазіргі уақытта "Азаптаулар" қылмысына қол сұғушылықтың түпкілікті нысаны адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының негіздері болып табылады, бұл тиісінше оның маңыздылығын айқындайды.

ҚК-тің 141-1-бабының бірінші бөлігімен көзделген іс-әрекеттер орташа дәрежедегі қылмыстар санатына жатады және 5 жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айыру түріндегі максималды жаза айқындалған.

Сонымен қатар адамның жеке бостандығын сақтау және ар-намысына қол сұғылмаушылық, азаптауларға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамгершілікке жатпайтын ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы іс-қимыл жасаудың маңыздылығын ескере отырып, ҚК-тің 141-1-бабының 2 және 3-бөліктерінде заң шығарушы азаптаулардың саралайтын құрамдарын ауыр қылмыстарға жатқызған (максималды жазалау 10 жыл).

Бұл ретте, азаптаулар туралы қылмыстарды тергеудің объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңымен кінәлі қызметкердің

ведомстволық тиесілігіне қарамастан, азаптаулар фактілері бойынша қылмыстық істердің әртүрлі тергеу реттілігін айқындау бөлігінде өзгерістер енгізілді. Заң шығарушы қылмыстық қудалау органы осы органның қызметкері болып табылмайтын адамға қатысты азаптаулар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыратыны туралы ережені айқындады (Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 192-бабы).

19-тармақ бойынша

Экстрадициялау мәселелері Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 528-536-баптарымен реттелген, олар халықаралық қарапайым құқықтың "aut dedere aut judicare" (адамды беру не болмаса соттау) қағидатына сәйкес келеді.

Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті жыл сайын экстрадициялық-қамауға алынғандарды қабылдау-беру жөніндегі республика Бас прокуратурасының 300-ден астам нұсқауын орындайды (2008 жылы – 380, 2009 жылы – 388, 2010 жылы – 325, 2011 жылы – 362, 2012 жылы – 369).

20-тармақ бойынша

БҰҰ Бүкіләлемдік бағдарламасын, Адам құқықтары саласында БҰҰ демократияны дамыту жөніндегі қорының қолдауымен бюро құру жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарын іске асыру шеңберінде Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстандық халықаралық бюро (БЮРО) ЕҚЫҰ Астана қаласындағы орталығымен және Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып, 2010 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ішкі істер органдарына қызметке қабылданатын үміткерлерге арнайы алғашқы оқыту бағдарламасына "Адам құқықтары" деген арнайы курс енгізді (көлемі 16 сағат).

2012 жылы Ішкі істер министрлігі Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстандық халықаралық бюромен бірлесе отырып, ІІМ және облыстардың ІІД оқу орталықтарының оқытушылары және ІІМ ведомстволық білім беру ұйымдарының оқытушылары үшін "Адам құқықтары" арнайы курсының оқыту әдістемесі бойынша мастер-кластар өткізді. Семинарлар Астана қаласында (2012 жылғы 25-26 сәуір), Алматы қаласында (2012 жылғы 28-29-мамыр) және Қарағанды қаласында (2012 жылғы 30-31 мамыр) өткізілді.

2012 жылдың сәуірінде Әділет министрлігінде Еуропалық одақтың халықаралық сарапшыларының қатысуымен "Ұлттық заңнаманы үндестірудің өзекті мәселелері. Халықаралық құқықты ұлттық заңнамаға имплементациялау" атты тақырыптар бойынша семинарлар өткізілді. Семинарға ІІМ-нің қызметкерлері қатысты.

Халықаралық түрме реформасының Орталық Азиядағы Өкілдігі 2012 жылдың 18 сәуірінде Астана қаласында "Азаматтық қоғам мен мемлекеттің бірлескен күштерімен босатылған сотталғандарды ресоциализациялау және олардың құқықтарын қорғау"

жобасы шеңберінде тренинг өткізілді, оған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қызметкерлері қатысты.

Гуманитарлық өлшеу шеңберінде ЕҚЫҰ 2012 жылдың 14-16 мамыры аралығында Варшава қаласында (Польша) "Адамдар саудасына қарсы күрес саласындағы заңның үстемдігі" тақырыбы бойынша семинар өткізді, оған Ішкі істер министрлігі Криминалдық полиция комитетінің қызметкері қатысты.

21-тармақ бойынша

а) б) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы № 673 қаулысымен Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2007 – 2009 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 маусымдағы № 775 қаулысымен Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2012 – 2015 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді.

Осы Бағдарламаның шеңберінде қылмыстық-атқару жүйесі органдары өздерінің мамандарын одан әрі оқыту және дайындау бойынша толық ауқымды жұмысты жалғастыратын болады. Сондай-ақ Бағдарламада жаңа түзеу мекемелерін салу көзделген.

с) Жаңа уақытша ұстау изоляторларын халықаралық стандарттар бойынша салу жүзеге асырылуда.

Өскемен қаласында 28 төсек-орынға арналған жаңа уақытша ұстау изоляторының құрылысы аяқталды. Талдықорған қаласында 35 төсек-орынға арналған изоляторды салу сатысында Қостанай қаласында 35 төсек-орынға арналған жаңа изоляторды салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Алматы, Қостанай және Павлодар қалаларында изоляторлар салу жоспарланған.

д) Қылмыстық кодекстің қолданыстағы 70-бабымен құқық сыйлаушылық мінез-құлқы, еңбекке (оқуға) адал қарағаны, көркемөнерпаздар ұйымдарының жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқаны, қылмысымен келтірген зиянды өтеу бойынша шаралар қабылдағаны үшін жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату көзделген.

е), г) Адам психикасының айрықша ерекшелігін, қоршаған ортаны қабылдауын, тәрбиесін, бағалаудың көптеген жүйелері мен әдістерін, адамның психикалық және физикалық мүмкіндіктерінің жұмыс істеу саласының зерттелмегенін ескере отырып, суицид жасаудың барлық себептерін анықтау мүмкін болмай отыр.

Сонымен қатар ұсталған, қамауға алынған және қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамдардың арасында суицид фактілері туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты қараудың бірыңғай тәртібі, оқиғаның мән-жайларын тексеру заңдылығын қамтамасыз ету, аталған фактілерге жол бермеу бойынша ескерту шараларын әзірлеу

мақсатында Бас прокурор 2011 жылғы 20 мамырда № 42 ө/17 арнайы өкім қабылдады, онда облыстардағы прокурорларға орын алған оқиғаның мән-жайларын толық, жан-жақты және объективті тексеру, суицид жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау және түзеу мекемелеріндегі суицидтің әрбір фактісі бойынша мұқият тергеу жүргізу бойынша заңда көзделген шараларды дереу қабылдау міндеті жүктелді.

Қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2012 – 2015 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыруда пенитенциарлық жүйесі мекемелерінде психолог-мамандар енгізіліп, оларды іріктеу жүзеге асырылуда.

f) Сотталғандар мен тергеу қамауындағы адамдарды медициналық қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Ұлттық денсаулықты сақтау жөніндегі үйлестіру кеңесінің ұдайы бақылауына алынған.

Медициналық құрал-жабдықтарды сатып алуға, сондай-ақ көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға, оның ішінде:

туберкулезбен ауруды ерте диагностикалау мақсатында 31 рентген-флюороаппарат сатып алуға;

қылмыстық-атқару жүйесі емдеу мекемелерінің тиісті лицензияларды алуын қамтамасыз ететін қылмыстық-атқару жүйесінің 229 медицина қызметкерінің Денсаулық сақтау министрлігінің оқу орындарында біліктілікті арттыру курстарынан өтуіне 2012 жылға арналған республикалық бюджетте 1 млрд. 167 млн. теңге көлемінде ақшалай қаражат көзделген.

Сонымен қатар қазіргі уақытта медициналық қамтамасыз ету функцияларын қылмыстық-атқару жүйесі органдарынан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағына беру туралы мәселе пысықталуда.

22-тармақ бойынша

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы Заңының 50 және 51-баптарына сәйкес қоғамдық бақылау комиссияларының құрамындағы қоғамдық бірлестіктер арнаулы мекемелерге олардың санын шектемей кедергісіз баруы, арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдармен әңгімелесуі, сондай-ақ олардың құқықтары мен бостандықтарын бұзу мәселелері бойынша өтініштер мен шағымдар қабылдауы мүмкін. Аталған заңды іске асыруға" Арнаулы мекемелерде қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың қоғамдық қадағалау комиссияларын құру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 маусымдағы № 702 қаулысы қабылданды.

1998 жылы Азаптауларға қарсы конвенцияға қосылып, оған арналған Факультативтік хаттама 2008 жылы ратификацияланды, осылайша еліміз ұлттық алдын алу тетігін құру бойынша кепілдеме қабылдады.

Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 400 қаулысымен "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасы Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді.

23-тармақ бойынша

Қазақстанның Ұлттық құқық қорғау институты бірқатар Париж қағидаттарына толық көлемде сәйкес келеді.

Омбудсменді Парламент Палаталарының келісімі бойынша ел Президенті тағайындайды. Қазақстан Республикасы Президентінің "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін белгілеу туралы" 2002 жылғы 19 қыркүйектегі № 947 Жарлығымен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) бекітілді, онда ол босатылуы мүмкін негіздердің нақты тізбесі белгіленген, бұл оның өкілеттік мерзіміне қызметінің тәуелсіздігіне кепілдік береді.

Ережеге сәйкес Уәкіл өзінің қызметін орындау кезінде тәуелсіз болып табылады, Ережеде көзделмеген функцияларды Уәкілге жүктеуге ешкімнің құқығы жоқ. Уәкілдің ісіне кез-келген заңсыз араласуға тыйым салынады. Сондай-ақ өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде Уәкіл саяси партиялардағы және басқа да қоғамдық бірлестіктердегі өзінің мүшелігін тоқтата алатыны және саяси қызметпен айналысуға құқығы жоқ екені көрсетілген.

Омбудсмен адамның құқықтары мен бостандықтарына қатысты шағымдарды қарауға қажетті мәліметтерді лауазымды адамдардан және ұйымдардан сұратуға, мониторинг жүргізу мақсатында мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, оның ішінде жабық (пенитенциарлық, әскери бөлімдер) органдар мен ұйымдардың аумағына және үй-жайына баруға құқылы. Омбудсмен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік өндіріс не болмаса қылмыстық іс қозғау туралы қолдаухатпен уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға өтініш жасауға құқылы. Үлкен қоғамдық маңызы бар жағдайларда Омбудсмен өзінің өтінішін тікелей Президентке, Парламентке немесе Үкіметке жіберуге құқылы.

Омбудсменнің ұсынымдары барлық мемлекеттік органдарды қоса алғанда барлығына жіберіледі.

Омбудсмен барлық аумақтық бірліктерден, оның ішінде интернет арқылы жеке және ұжымдық өтініштерді алады және қарайды.

Уәкіл мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарының кідіртуге болмайтын қабылдауларына, сондай-ақ адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік өндіріс не болмаса қылмыстық іс қозғау туралы қолдаухатпен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жүгінуге құқылы.

2008 жылдан бастап Омбудсменнің жанынан азаптауларды және басқа да қарым-қатынас пен жазалаудың қатыгез түрлерін қолдану фактілерін қарау жөніндегі жұмыс тобы жұмыс істейді, оның құрамына уәкілетті мемлекеттік органдардың жоғары деңгейдегі өкілдері, сондай-ақ Қазақстанның белгілі құқық сақтаушылары кірген.

Жұмыс тобы жабық түрдегі мекемелердегі сотталғандардың құқықтарының сақталуына мониторингті жүзеге асырады. Жұмыс тобының қызметіне 2010 жылы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Кеңесінде БҰҰ азаптаулар мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашысы М. Новактың Қазақстанға инспекторлық сапарының қорытындылары бойынша ол өз есебінде оң баға берген.

Омбудсменнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасы Парламенті жыл сайын қабылдаған заңдағы жеке тармақта бекітілген республикалық бюджеттен түсетін Омбудсмен мекемесінің (Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық) жалпы бюджеті шеңберінде жүзеге асырылады.

24-тармақ бойынша

Қазақстан азаптауларды қолдану фактілерін уақтылы және әділ тергеуді қамтамасыз ету бойынша барлық шаралар қабылдауда.

"Прокуратура туралы" Заңға және Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес прокуратура органдары қылмыстық процесті қадағалауды жүзеге асырумен бірге 2010 жылдан бастап қылмыстық қудалау органының функциясы берілді.

Осылайша, осындай санаттағы қылмыс белгілері анықталған жағдайда, прокуратура органдарының қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдауға, істі өзінің өндірісіне қабылдауға не болмаса тергеу реттілігін айқындауға құқығы бар.

Сонымен қатар, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процесте заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңмен Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 192-бабына аталған санаттағы істерді тергеу кезінде ведомстволық корпоративтілікті және мүдделілікті алып тастауға бағытталған принципіалды

өзгерістер енгізілді. Қазіргі уақытта ішкі істер органдарының қызметкерлері азаптаулар жасаған жағдайда қылмыстық істерді қаржы полициясы органдары тергейді және керісінше болған жағдайда ішкі істер органдарының қызметкерлері тергейді.

Сонымен бірге, осындай істерді тергеу және қарау кезінде заңнаманы қолдану мәселелерін реттейтін, сондай-ақ аталған саладағы кейбір мәселелерді реттейтін мынадай тиісті актілер:

1. "Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы;

2. "Қылмыстық процеске тартылған және арнайы мекемелерде ұсталатын адамдармен қатыгез қарым-қатынаспен және олардың алдын алумен байланысты азаптаулар және өзге де заңсыз әдістер туралы арыздарды тексеру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2010 жылғы 1 ақпандағы № 7 бұйрығы;

3. 2010 жылғы 1 ақпанда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасымен келісілген "Уақытша ұстау изоляторларындағы, тергеу изоляторларындағы және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі адамдарда дене жарақаттарының бар-жоғына медициналық куәландыру жүргізуге сот медицинасы саласындағы мамандардың міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 30, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 56, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 41, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 15 бірлескен бұйрығы;

4. "Азаптаулар және анықтау мен тергеу жүргізудің өзге де тыйым салынған әдістер , сондай-ақ аталған фактілер бойынша қылмыстық қудалау туралы шағымдарды тексеруді жүзеге асыру кезінде құқық қорғау органдары мен азаматтық қоғам субъектілерінің өзара іс-қимыл жасасуы туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 2 ақпандағы № 31, Қазақстан Республикасы Бас прокурордың 2010 жылғы 3 ақпандағы № 10, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 2 ақпандағы № 46, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2010 жылғы 2 ақпандағы № 16, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 ақпандағы № 13 бірлескен бұйрығы қабылданды.

25-тармақ бойынша

Судьялардың және судьялық корпустың тәуелсіздігі мен әділдік танытуы Қазақстан Республикасы Конституцияның 77-бабында кепілденген.

Сонымен қатар, сот әділдігін іске асыру жөніндегі сот ісіне қандай да болмасын араласуға тыйым салынады және заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

Осыған ұқсас ережелер "Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының дәрежесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңда және Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 21, 22-баптарында қамтылған.

Сот төрелігін іске асыру қағидаттары тараптардың тең құқықтығы және жарыстығы (Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 23-бабы), мән-жайларды зерттеудің жан-жақтылығына, толықтығына және объективтілігіне (Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 24-бабы) негізделеді.

26-тармақ бойынша

Қылмыстық сот өндірісінде прокурордың құзыретін қайта бөлу мәселелері жаңадан әзірленіп жатқан Қылмыстық іс жүргізу кодексінде өз көрінісін табады. Прокурорлардың соттардың тәуелсіздігін "шектеуіне" қатысты – барлық құқықтық әлемде тарихи қалыптасқан және сотта прокурордың мемлекет өкілі ретінде қатысуы, оның сот актілеріне наразылық білдіру құқығы бекітілген. Қазақстанның сот өндірісіндегі прокурордың рөлі халықаралық стандарттарға қайшы келмейді, прокурордың жалғыз міндеті іс бойынша заңды және әділ шешім шығаруға сотқа ықпал ету, заңсыз сот актілеріне наразылық білдіру болып табылады, бірақ барлық жағдайларда прокурордың наразылығы сот инстанцияларымен қаралады, сондықтан прокурорлардың сот тәуелсіздігіне қандай да бір шек қоюы республикада жоқ және болуы мүмкін емес.

27-тармақ бойынша

Қорғаушыға заттай дәлелдемелерді жинау құқығын беру мәселесі Қылмыстық іс жүргізу кодексінің жаңа жобасын әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының қарауында.

Сонымен бірге мүдделі мемлекеттік органдар адвокаттық қызметті одан әрі дамыту туралы бағдарлама жобасын қарауда.

28-тармақ бойынша

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 39, 40-баптарына сәйкес сот бойынша ақталған адам, яғни ақтау негіздері бойынша қылмыстық қудалау қысқартылған айыпталушы (күдікті) кінәсіз деп есептеледі және Қазақстан Республикасы Конституциясында

кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарда қандай да бір шектеулерге тартылмауы тиіс.

Сот, қылмыстық қудалау органы көрсетілген адамды оңалту және қылмыстық процесті жүргізген органның заңсыз іс-әрекеттерінің нәтижесінде оған келтірілген зиянды өтеу бойынша заңда көзделген барлық шараларды қабылдауы тиіс. Заңсыз ұстау, қамауға алу және басқа да процессуалдық мәжбүрлеу шаралары нәтижесінде адамға келтірілген зиян қылмыстық процесті жүргізген органның кінәсіне қарамастан, республикалық бюджет есебінен толық көлемде өтеледі. Азамат қайтыс болған жағдайда зиянды өтеу құқығы заңнамада белгіленген тәртіппен оның ұрпағына беріледі.

Қарағанды облысы ІІД Сәтпаев қаласы ІІБ қызметкерлері Н.К. Бекілдеков пен М.Н. Унчибаев қылмыстық істі тергеу кезінде анықтаудың заңсыз әдістерін қолданып, А.К. Үсентаевқа ауыр дене жарақаттарын келтірген. Соттың 2007 жылғы 1 наурыздағы үкімімен аталған қызметкерлер бас бостандығынан айыруға сотталды.

Азаптаулар нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу шеңберінде Қарағанды облысы Жезқазған қалалық сотының 2008 жылғы 21 наурыздағы шешімімен және осы соттың 2008 жылғы 9 қыркүйектегі анықтамасымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінен А.К. Үсентаевтың пайдасына 5 099 430 теңге, сондай-ақ 30 034 теңге көлемінде жоғалған еңбекақыны ай сайын өтеу өндірілді.

29-тармақ бойынша

Заттай дәлелдемелер ретінде жарамдылық және қатыстылық мәселелері Қылмыстық іс жүргізу кодексінде реттелген.

Қазақстанның заңнамасы егер олар алынған нақты деректерге ықпал етсе немесе ықпал ете алса, істі тергеу немесе сот талқылауы кезінде процеске қатысушылардың құқықтарын немесе қылмыстық процестің өзге де ережелерін бұза отырып алынған деректерді немесе өзге де мәліметтерді дәлелдемелер ретінде жарамсыз деп тануға міндеттейді.

Конвенцияның ережелерін іске асыруда Қазақстан 2002 жылдан бастап дәлелдемелер ретінде жарамсыз деп, азаптауларды қолданумен алынған нақты деректерді заңнамалық деңгейде таниды (Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 116-бабы).

30 және 31-тармақтар бойынша

Қазақстан Республикасында ерлер мен әйелдердің құқықтары тең дәрежеде қорғалады.

2008 жылы БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу және

жолын кесу және ол үшін жазаға тарту туралы хаттама, Барлық адамдарды зорлық-зомбылықтан қорғау үшін халықаралық конвенция ратификацияланды.

Тұрмыс саласындағы құқық бұзушылықтардың тиімді алдын алу үшін 2008 жылы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс отбасы-тұрмыстық қарым-қатынас саласындағы құқыққа қарсы іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті белгілейтін нормамен ("Отбасы-тұрмыстық қарым-қатынас саласындағы құқыққа қарсы іс-әрекеттер" деген 79-5-бап) және "Ұрып-соғу" деген 79-1-бап) толықтырылды.

Осы норма енгізілген сәттен бастап 2010 жылдан 2012 жылға дейін 79-5-бабы бойынша 102 мыңнан астам адам және 79-1-бабы бойынша 8 мың 701 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Жалпы жаңа өзгерістер тұрмыс саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға оң әсерін тигізді. Статистика көрсеткендей, 2005 жылдан бастап тұрмыс саласындағы қылмыстар деңгейі азайды (2005 жылдан бастап кісі өлтірулер саны екі есеге 578-ден 285-ке дейін төмендеді).

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу әдістерін одан әрі жетілдіру мақсатында 2009 жылғы 4 желтоқсанда "Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңы қабылданды. Осы Заңның қабылдануы, атап айтқанда қорғау ұйғарымы сияқты алдын алудың жаңа шарасын енгізу ішкі істер органдарына отбасында жаңадан дамып келе жатқан келіспеушіліктердің алдын алуға мүмкіндік берді.

Қорғау ұйғарымы дегеніміз – бұл тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға ықпал ету шарасы. Оның негізгі мақсаты жәбірленушіні оған дене және (немесе) психикалық азап келтіретін нақты қауіп төнген кезде дереу (ізін суытпай) қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Қорғау ұйғарымы бойынша 10 тәулік ішінде мыналарға:

- тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға;
- жәбірленушінің еркіне қарсы оны іздестіруге, қудалауға, ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және онымен өзге де тәсілдермен қарым-қатынасқа түсуге тыйым салынады.

Қорғау ұйғарымының мерзімі жәбірленушінің арызы бойынша отыз тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін.

Қорғау ұйғарымының талаптарын бұзғаны үшін заңнамада бес айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл түрінде жауапкершілік көзделген. (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 355-1 бабы).

2012 жылы тұрмыс саласында құқық бұзушылыққа жол берген адамдарға қатысты 44 мыңнан астам қорғау ұйғарымы шығарылды (2011 жылы 36 мыңнан астам қорғау ұйғарымы шығарылды).

95 % ер адамға қатысты осындай ұйғарымдар шығарылды, 4,4 % әйелдерге, 2,7 % кәмелетке толмағандарға қатысты шығарылды.

1941 астам (2011 жылы – 1059) құқық бұзушыға қорғау ұйғарымдарының әрекет ету мерзімдері ұзартылды.

Қорғау ұйғарымдарын бұзғаны үшін 1000-нан астам (2011 жылы - 700) құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен бірге әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша сот құқық бұзушылардың тәртібіне 4 мыңнан астам (2011 жылы – 3 мыңнан астам) ерекше талап қойды.

Жалпы, тұрмыс саласында құқық бұзушылық жасауға жол берген адамдармен 147 мыңға жуық профилактикалық әңгімелесу жүргізілді (2011 жылы – 180 мыңнан астам), 68 мыңнан астам адам ішкі істер органдарына жеткізілді (2011 жылы 58 мыңнан астам), оның ішінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 620-бабы (Әкімшілік ұстау) бойынша 36 мыңнан астам (2011 жылы 23 мың) адам ұсталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 қаңтардағы № 24 қаулысымен Қазақстан Республикасында 2006 – 2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерге көмек көрсету мақсатында ішкі істер органдарының дағдарыстық орталықтармен ынтымақтастық жасасуы жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта елімізде 29 дағдарыстық орталығы жұмыс істейді, олар зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерге көмек көрсетеді. Кейбір дағдарыстық орталықтардың әйелдерге және оның балаларына өз үй-жайларында баспана ұсыну мүмкіндіктері бар (Алматы қаласындағы "Тин Челлендж", Астанада "Қорғау" және т.б.)

Тек 2012 жылдың өзінде ішкі істер органдарына әйелдерден олардың құқықтарын қорлау туралы 16 мыңнан астам арыз келіп түсті, оның бір мыңға жуығы дағдарыстық орталықтарға жіберіліп, заңгерлік және психологиялық көмек көрсетілді.

Астана қаласы ІІД-нің полиция бөлімшесінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары үшін "сенім телефоны - 1415" жұмыс істейді. 2012 жылы сенім телефоны қызметіне 1000-нан астам (2011 жылы – 180-нен астам) телефон қоңырауы келіп түсті.

Ішкі істер органдары үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, қолайсыз отбасылардың тұратын жерлері бойынша профилактикалық іс-шаралар өткізіп, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша шығулар ұйымдастырды.

500 мыңнан астам ақпараттық материал (буклеттер, плакаттар, билбордтар, стенділер, брошюралар) таратылды, олар тұрғын үйлердің кіреберістерінде, сауда орындарында, базарларда, адамдардың жаппай демалу жерлерінде, мемлекеттік органдарда орналастырылды.

Мекемелер мен кәсіпорындарда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша заңнаманың жаңа нормаларын түсіндіру бойынша 38 мыңнан астам (2011

жылы – 37 мың) сөз сөйлеулер және 16 мың (2011 жылы – 15 мыңнан астам) дөңгелек үстелдер мен тренингтер ұйымдастырылды.

2011 жылғы қазанда Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясаты ұлттық комиссиясының қолдауымен Астана қаласында "Құқық" қоғамдық қорымен және "Қорғау-Астана" жеке қорымен бірлесіп, "Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимыл жасасу тиімділігін арттыру" тақырыбына конференция өткізді.

32-тармақ бойынша

Қазақстанда 94 қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі, оның ішінде 76 түзеу мекемесі, 18 тергеу изоляторы жұмыс істейді.

Түзеу мекемелерінің жалпы санынан 22 жалпы режимдегі мекеме, 21 қатаң режимдегі мекеме, 5 ерекше режимдегі мекеме, 7 аурухана, 18 қоныс-колониясы, 1 тәрбие колониясы, 1 түрме.

2013 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша пенитенциарлық жүйесі мекемелерінде 48 684 сотталған мен тергеу-қамауындағы, оның ішінде 3 822 әйел, 194 кәмелетке толмаған, 1 976 шетелдік, 155 азаматтығы жоқ адам ұсталған.

2012 жылы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасы Парламенттің қарауына енгізілді, оның мақсаты заңдарды халықаралық нормалардың адам саудасымен байланысты қылмыстардан жәбірленушілерді қорғау деңгейін арттыру бөлігіне сәйкес келтіру болып табылады.

Сондай-ақ аталған заң жобасында адам саудасы саласындағы кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыс жасағаны үшін бұрын сотталған адаммен еңбек шартын жасасуға шектеулерді белгілеу көзделген (білім, мәдениет, спорт және т.б. сала).

Үкіметтің 2009 жылғы 2 сәуірдегі № 462 қаулысымен бекітілген Адам саудасымен байланысты қылмыстарға қарсы күрес, олардың жолын кесу және алдын алу жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары іске асырылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1247 қаулысымен 2012 – 2014 жылдарға арналған Адам саудасымен байланысты қылмыстарға қарсы күрес, оның жолын кесу және алдын алу жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-шаралар жоспары бекітілді. Осы Жоспардағы іс-шаралар заңнаманы жетілдіруді, мемлекеттік органдардың профилактикалық және практикалық іс-шараларын, олардың үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуын көздейді.

2011 жылы республика бойынша адам саудасымен байланысты 287 (2012 жылы – 267 іс), оның ішінде адам сатқаны үшін 25 (2012 жылы – 19 іс), нәпсіқұмарлық сипаттағы қылмыстар жасағаны үшін 21 (2012 жылы – 11 іс) қылмыстық іс қозғалды. Кәмелетке толмағандарды сатқаны үшін 21, оның ішінде 10-ы нәпсіқұмарлық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық іс қозғалды (2012 жылы – 2 іс).

Адам саудасына қатысы бар лауазымды адамдарды қоса отырып, кінәлі адамдарды жазаға тарту бойынша шаралар қабылдануда.

2012 жылы адам саудасымен байланысты қылмыстар жасағаны үшін 34 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды (2011 жылы – 37 адам), оның ішінде 4 лауазымды адам (2011 жылы – 3 лауазымды адам).

Адам саудасына байланысты қылмыстардың алдын алу, бұлтартпау және ашу мақсатында ішкі істер органдары "STOP трафик" жедел-профилактикалық іс-шарасын тоқсан сайын өткізуде. 2011 жылы мұндай іс-шара екі рет мамыр және тамыз айларында өткізілді, оның шеңберінде адам саудасымен байланысты 120 факті анықталды. 2012 жылы ол екі рет мамыр және қазан айларында өткізілді, оның шеңберінде адам саудасына байланысты 130 факті анықталды.

33-тармақ бойынша

2008 жылы Қазақстан Барлық адамдарды зорлық-зомбылықтан қорғау үшін халықаралық конвенцияны ратификациялады.

Сондай-ақ 2008 жылғы 11 желтоқсанда Мемлекет басшысы "Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға факультативтік хаттамаға қол қою туралы" № 711 Жарлыққа қол қойды, онда Қазақстанның адам құқықтары саласында халықаралық стандарттарды одан әрі имплементациялауға және мүгедектердің құқықтарын неғұрлым тиімді іске асыру үшін құқықтық сала құруға дайындығы расталды.

Қазіргі уақытта елімізде БҰҰ жоғарыда көрсетілген Конвенциясы мен оның Хаттамасын ратификациялауға шарттарды дайындау жөніндегі жұмыс жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 64 қаулысымен Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының бірінші кезеңі (2012 – 2013 жылдар) бекітілді, оның шеңберінде 30-дан астам нормативтік құқықтық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы мүгедектердің құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қорғау саласындағы заңнаманы бір ізге салу жөніндегі жұмыс жүргізілуде.

Барлық еңбек ететін қоныстанушылар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы Халықаралық Конвенцияны ратификациялауға қатысты.

Қазақстанның Конвенцияға қосылу салдарларын бағалауға жүргізілген талдау Қазақстанның Конвенцияға қосылуы күн бұрын төменде көрсетілген факторлар туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1) көші-қон саясаты саласындағы қолданыстағы заңнама жеткілікті түрде жетілдірілмеген және оны жөндеу және жекелеген мәселелер бойынша жаңа неғұрлым жетілдірілген нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу бойынша іс-әрекеттерді қабылдауды талап етеді;

2) қаралып отырған Конвенция ІСА-ға ену мақсатында міндетті қол қойылған құжаттар тізбесіне кірмейді, ал қосылу үшін қазіргі уақытта қолданыстағы заңнамаға айтарлықтай өзгерістер енгізуді қажет етеді;

3) Конвенцияға қол қойған елдердің көпшілік бөлігі өз елдерінен тыс жерлерде өз азаматтарын қорғауды көздейтін донор-елдер болып табылады. Бірқатар елдердің Конвенцияға қосылған ескертпелер азаматтардың әлеуметтік, саяси құқықтары мен бостандықтарына қатысты;

4) әлемнің дамыған мемлекеттері аталған Конвенцияға қосылған жоқ, өйткені бұл елдердің заңнамасымен кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтар Конвенцияның талаптарына жауап береді, ал көптеген жағдайларда олардан асып түседі.

Осыған байланысты Конвенция заңды және заңсыз еңбек көші-қоны құқықтарында тең, бұл еңбек пен тұрғын үйдің жергілікті нарықтарындағы бәсекелестікті шиеленістіруі, заңды реттеуге келмейтін жұмыспен қамту секторларын құруы, этникалық және субэтникалық стереотиптер мен жүріс-тұрыс нормаларын қақтығыстыруы, әлеуметтік және мәдени жаңғыртуы және қоғамның криминализациялауы, әлеуметтік шиеленіс ошақтарын тудыруы мүмкін.

34-тармақ бойынша

Қазақстан Республикасының жалпы базалық құжаты адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттарға қатысушы мемлекеттер ұсынған баяндамалардың нысандары мен мазмұнына қатысты жалпы басшылыққа алынған қағидаттарына сәйкес әзірленді.